

**2022 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша
«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қоғамдық кеңесі қабылдаған ұсынымдардың
орындалуы бойынша жиынтық кесте**

№	ҚК хаттамасының №	ҚК ұсынымдары	Орындау нәтижелері
«Самұрық-Қазына» АҚ заңды тұлғаларының және оның бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын портфельдік компанияларының жаңартылған тізбесі туралы» 2022 жылғы 18 наурыздағы № 2 хаттама бойынша			
1.	2022 жылғы 18 наурыздағы № 2 «Самұрық-Қазына» АҚ заңды тұлғаларының және оның бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын портфельдік компанияларының жаңартылған тізбесі туралы	1. Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның ағымдағы шешімдеріне сәйкес ағымдағы жағдаят пен сыртқы факторларға (Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыс; Ресейге қарсы санкциялар; бүкіл әлем бойынша логистика мәселелері; мұнайдың (дизель отынының) жоғары бағалары; т.б.) сүйене отырып мәлімделген мерзімдерді қайта қарау ұсынылсын. 2. Жекешелендірудің стратегиясын, техникасын, қағидаттары мен тетіктерін сапалы пысықтау ұсынылсын. Бұл мәселелер әр компанияның жекешелендіру/IPO	ОРЫНДАЛДЫ Қор мен портфельдік компаниялар KPMG тәуелсіз консультантымен бірлесіп, барлық факторларды, іске асырудың жаңа мерзімдерімен 2022 жылғы ақпанда Үкімет бекіткен өлшемшарттарды ескере отырып, жекешелендіруге арналған активтердің жаңартылған тізбесін қалыптастырды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 тамыздағы №523 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы». Ағымдағы активтер саны 105-тен («периметрде» 51-ден) 252-ге («Периметрде» 200-ге дейін, Түркістан БГҚ-ны есептемегенде) артты. IPO жүргізу тәсілімен жекешелендіруге ұсынылатын Қордың ірі компаниялары арасында: ҚазМұнайГаз, Эйр Астана, QazaqGaz және ҚТЖ, Самұрық-Энерго ЕТҰ-ның ағымдағы периметрін «жасыл» активтердің жаңа периметріне ауыстыра отырып (болашақта жаңа қосалқы холдинг құрылып, оған «жасыл» активтерді бергеннен кейін Қор ҚРҰҚ-дағы Самұрық-Энергоны корпоративтік орталығын жасыл компанияға ауыстыру бастамасымен шығады). Акциялардың өтімділігін және компанияның капиталдандырылуын арттыру мақсатында IPO-

		контекстінде жеке қарастырылуы керек. 8. «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компаниялардың акцияларын биржалық инвестициялық қорларға (ETF) қосу мүмкіндігі қарастырылсын. 13. Жекешелендіру үшін бірінші кезекте негізгі емес қызметпен айналысатын шағын компаниялардың қорын компаниялар тобынан бөлу мүмкіндігі қарастырылсын. 14. Өңірлердегі сұранысты ескере отырып, басқаруға беру мүмкіндігі үшін ӘКК мен әкімдіктерге таратылатын компаниялардың тізімі жіберілсін. 15. Қордың Қазақстан экономикасындағы үлесін төмендетудің сандық және сапалық көрсеткіштерін айқындау, соның негізінде Қор қабылдайтын шаралар мен реформалардың тиімділігін бағалауға болады.	ның жалғасы ретінде SPO-ға жаңа үміткер KEGOC болып табылады. Активтер санының өзгеруінен басқа, басым тәртіппен бәсекелестік ортаға беруге ұсынылатын ірі активтер бойынша сатудың жаңа мерзімдері бекітілді. «Қазақ Эйр» АҚ – 2023 ж., «Самұрық-Энерго» АҚ жасыл активтерінің портфелі – 2023-2024 жж., «Эйр Астана» АҚ – 2023-2024 жж., «KEGOC» АҚ – 2023-2024 жж., «ҚазақГаз» АҚ – 2024-2025 жж., «ҚТЖ» ҰК» АҚ – 2025 ж., «Хим-плюс» ЖШС – 2025 ж., KMG I – 2023-2024 жж., «Алайғыр БК» ЖШС – 2024-2025 жж., «Шалқия мырыш» АҚ – 2025 ж. Қор және портфельдік компаниялар жекешелендірудің/IPO-ның барлық объектілері, оның ішінде борыштық міндеттемелерді қайта құрылымдау, операциялық көрсеткіштерді ұлғайту, тұрақты ортаны одан әрі жетілдіру жөнінде уәкілетті мемлекеттік органдармен жұмыс және т.б. бойынша сапалы алдын ала сату дайындығын жүргізеді.
3.	2022 жылғы 18 наурыздағы № 2 «Самұрық-Қазына» АҚ заңды тұлғаларының және оның бәсекелес ортаға	3. Табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын Қордың жекелеген компаниялары (ҚазТрансОйл, KEGOC, магистральдық т/ж желілері) жақын арада осы салаларда нақты бәсекелестік	ОРЫНДАЛЫП жатыр № 908 ҚРҰҚ-ға сәйкес 2023-2024 жылдары «KEGOC» АҚ-ны SPO-ға және 2025 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ны IPO-ға шығару көзделген. Ағымдағы сәтте Қор үлесінің 90%-дан төмен түсуін шектейтін заңнамаға тиісті өзгерістер қабылданған жағдайда, «KEGOC» АҚ акцияларының қосымша пакетін сатуға болады. Компанияның 10%-ы 2014 жылы «Халықтық IPO» бағдарламасы аясында қор

	беруге ұсынылатын портфельдік компанияларының жаңартылған тізбесі туралы	болмайынша жекешелендіруге шығармау ұсынылсын.	нарығына шығарылды. Акциялардың қосымша көлемін нарыққа шығару қағаздардың өтімділігіне жағымды әсер етеді. Өз кезегінде өтімділік деңгейінің жоғарылауы бүкіл компанияның капиталдандыруының артуына әсер етуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауын ескере отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ны толыққанды транзиттік-логистикалық корпорацияға айналдыру жоспарлары белгіленді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-та Ақтау-Баку, Құрық-Баку (Солтүстік терминалды қоса алғанда, Құрық портының, Ақтау теңіз портының инфрақұрылымы, қазіргі уақытта шектеулі) бағыттары бойынша Транскаспий танкерлік тасымалдарын жандандыру үшін Ақтау портының баламалы бағыттарын пысықтау, қуаттарын кеңейту бойынша жұмыстар, сондай-ақ тұтастай алғанда, компанияның қаржылық жағдайын IPO жүргізу үшін жеткілікті деңгейге дейін жақсартуға мүмкіндік беретін қаржылық сауықтыру жөніндегі басқа да іс-шаралар жүргізілуде.
4.	2022 жылғы 18 наурыздағы № 2 «Самұрық-Қазына» АҚ заңды тұлғаларының және оның бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын портфельдік компанияларының жаңартылған тізбесі туралы	4. Қазақстан халқының қатысуымен IPO-ның тиісті форматын ескеру, халыққа және негізінен қазақстандық институционалдық және бөлшек инвесторлар үшін (IPO-ны тек жергілікті қор нарығында жүргізетін компаниялар бойынша) дисконт ұсыну ұсынылсын. 5. Орналастыру алдында халықпен қажетті түсіндіру жұмыстары жүргізілсін (Халықтық IPO сияқты). Параметрлерді жария түрде ұсына отырып кемінде 1 айға (листингтің халықаралық талаптарының қолда бар шектеулерін ескере отырып)	ОРЫНДАЛДЫ Мемлекет басшысының экономиканы одан әрі мемлекет иелігінен алу жөніндегі тапсырмаларына, сондай-ақ Үкіметтің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын орындау аясында ағымдағы жылы Қор «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ны IPO-ға шығаруды жүзеге асырды. Іргелі бағаны анықтау мақсатында PWC тұлғасындағы тәуелсіз бағалаушы тартылды, ол DCF әдісімен бағалау жүргізді, яғни барлық мүмкін болатын апсайдтарды, даму бағдарламаларын және т.б. ескерді. Сонымен қатар осы мақсаттар үшін бағалаушыда айтарлықтай үлкен ақпарат көлемінің болғанын атап өткен жөн. Инвестициялық банктер мен институционалдық инвесторлар ағымдағы нарықтық конъюнктураны көрсететін нарықтық құнды анықтайды, ол негізінен мыналар арқылы анықталады: • Салыстырмалы тәсіл;

	өтінімдер кітаптарын алдын ала ашумен роуд-шоу өткізілсін. 9. Жекешелендірілетін компаниялар аясында қызметшілердің өз компанияларының акцияларына иелік ету жоспары (Employee Stock Ownership Program) ілгерілетілсін, бұл бөлшек клиенттер санын ұлғайтуға және ортақ мақсаттарға жету үшін менеджментті, акционерлер мен жұмыскерлерді біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ халыққа байлықты әділ бөлу туралы сұрауға жауап болады. 10. Акцияларды орналастыру процесін ұйымдастыру үшін инфрақұрылымды, білімді, кең филиалдық желіні, инвестициялық банкирлер мен брокерлердің сайттарын пайдалану ұсынылсын. Нәтижесінде бағалы қағаздардың кең сапалы таралуына қол жеткізілсін. 11. Қордың портфельдік компанияларында корпоративтік басқару деңгейін жақсарту, компаниялардың басқару органдарында	• Консервативті болжамдармен немесе жеңілдіктерді қолданумен DCF тәсілі (себебі ақпараттың аз мөлшеріне ие); • Нарықтық контекстке бағдарланған өзге де сараптамалық жорамалдар (жеңілдіктер). Мұнай-газ компаниялары акцияларының мақсатты бағасы туралы талдамалық есептерді қалыптастыру кезінде ірі инвестициялық банктер дәстүрлі DCF алған іргелі құнды мақсатты нарықтық баға ретінде қабылдамайды, нәтижесінде көбінесе нарықтық бағалау іргелі бағалаудан төмен болады. Акцияларды IPO-ға орналастыру кезінде компанияның нарықтық құнына жеңілдік жасалады, бұл келесі жолдармен жүзеге асырылады: • Инвесторлардың қызығушылығын бастапқы орналастыруға тарту; • Бастапқы орналастыру тәуекелінің көрінісі (өтімділік, құбылмалылық), және • PDIE (pre-deal investor education) нәтижелерін ескере отырып анықталады. Осылайша, PWC дайындаған іргелі бағалау жүргізілді, инвестициялық банктер нарықтық құнды және PDIE (pre-deal investor education) өткізді, оның қорытындысы бойынша институционалдық инвесторлардан олардың нарықтық құнға деген көзқарасы бойынша кері байланыс алды, инвестициялық банктердің ұсынысы бойынша нарықтық құн диапазонына инвесторларды тарту үшін дисконт қолданылды, оның қорытындысы бойынша баға қалыптасты. Бұл тәсіл кешенді және инвесторлардың кері байланысын ескере отырып жүргізілді. 2022 жылғы 5 желтоқсанда ҚМГ-ның акцияларын компанияның жалпы капиталынан 3% көлемінде жалпы сомасы 153,8 млрд. теңгеге немесе 330 млн. АҚШ долларына балама 8 406 теңге бағамен иеліктен шығару бойынша Директорлар кеңесі мен Үкіметтің (№978 ҚРҰҚ) қорытынды шешімдері қабылданды. Өтінімдерді қабылдау 9 қарашадан 2 желтоқсанға дейін жүзеге асырылды. Биылғы жылдың 7 желтоқсанында ҚМГ жаңа
--	--	---

		жұмыскерлердің үлестес болуын болдырмау ұсынылсын. 12. Компанияның капиталдандырылуын ұлғайтуға негізгі басқарушы жұмыскерлердің қызығушылығын арттыру үшін басқарушы персоналға ұзақ мерзімді сыйақы беру жүйесін (мысалы, акцияларға опциондар) енгізуді қарастырған жөн. Менеджмент тиімділігі мен нарықтық тиімділік өлшемшарттарын бағалау жүйесі қайта қаралсын.	акционерлерімен есеп айырысу жүзеге асырылды. Қазақстан азаматтарының өтінімдерін қанағаттандыруға басымдық берілді. Бір акцияны сату бағасы барлығына бірдей (бір акцияға 8 406 теңге) белгіленді. Бұл ретте 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша тәуелсіз аудиторларды шолумен соңғы жарияланған шоғырландырылған есептілікке сәйкес бір акцияның теңгерімдік құны бір акция үшін 14 325 теңгені құрайды. Бөлу кезінде жеке тұлғаларға - Қазақстан азаматтарына басымдық берілді. Халықтың көбірек қатысуы үшін ұзақ жазылу кезеңі қарастырылды. Инвесторлардың өтінімдерін қабылдау 2022 жылғы 9 қарашада Астана уақыты бойынша сағат 12:00-де басталып, институционалдық инвесторлар үшін 2022 жылғы 30 қарашада сағат 18:00-де, ал бөлшек инвесторлар үшін - 2022 жылғы 2 желтоқсанда Астана уақыты бойынша сағат 15:00-де аяқталды. Осы жылдың 16 қыркүйегінде IPO құралы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ тобының активтерін бәсекелес ортаға беруге дайындықты түсіндіру бойынша ақпараттық науқан басталды. Бәсекелес ортаға беру «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысының аясында өтеді. Осы жобаны іске асыру үшін Қазақстан өңірлерінде халықпен кездесулерді ұйымдастыру үшін мобильді топтар құрылды. Аталған топтардың құрамына «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазпошта» АҚ, AIX және KASE қор биржалары мен брокерлік-дилерлік ұйымдардың өкілдері кірді. Аталған ұйымдардың өкілдері кездесулерде халықты жекешелендіру бағдарламасы мен портфельдік компаниялардың IPO іске асырылу барысымен таныстырды, бірінші IPO-кандидат – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы туралы, бағалы қағаздар нарығына инвестициялау тетіктері мен тәуекелдері туралы негізгі ақпаратты таратты, сондай-ақ іс-шараға қатысушыларды қызықтыратын сұрақтарға жауап берді.
--	--	--	--

			2022 жылдың қыркүйек-қазан айларында халықпен - non-deal road show, содан кейін қараша айында - deal road show түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы медиа тартымдылығы 25 млн. астам адамды құрады. «Физикалық», яғни офлайн кездесулер өткізу арқылы 153 мыңнан астам адам қамтылды. Оның ішінде, бөлшек клиенттер санын ұлғайту және ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін менеджментті, акционерлер мен жұмыскерлерді біріктіру үшін өз компанияларының акцияларына жұмыскерлердің иелік ету жоспарын ілгерілету мақсатында Қор қызметкерлері мен оның портфельдік компаниялары үшін IPO-ны жарықтандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. Инвесторлардың барлық топтарымен, оның ішінде халықпен кең ауқымды маркетинг нәтижесінде өтінімдер кітабының бұрын-соңды болмаған мөлшерін 129 мыңнан астам соманы құраған және көлемі бойынша 181 млрд.теңгеден астам соманы жинай алды. Өтінімдерді бөлудің негізгі басымдығы Қазақстан азаматтары болғанын назарға ала отырып, ел өңірлерімен, оның ішінде моноқалаларда және тіпті шалғайдағы өндірістік объектілерде еңбек ұжымдарымен кездесу үшін офлайн және онлайн іс-шараларға ерекше назар аударылды. Азаматтардан келіп түскен өтінімдердің жалпы саны 74,6 млрд.теңгеге 128,7 мың теңгені құрады, бұл өз ауқымы бойынша басқа ұлттық компаниялар бойынша өткен жылдардағы мәмілелермен салыстырғанда халықтың IPO-ға бұрын-соңды болмаған қатысуы болып табылады. Сондай-ақ бұл мәміле жергілікті қор нарығында кез келген қазақстандық компаниялардың бұрын өткізген IPO-сынан өз мөлшері бойынша абсолютті рекорд орнатты.
6.	2022 жылғы 18 наурыздағы № 2 «Самұрық-Қазына» АҚ заңды тұлғаларының және оның	6. Бастапқы орналастыру үшін акцияларға тікелей жазылу тетігі қарастырылсын.	ОРЫНДАЛДЫ AIX биржасы брокерлік шот ашпай-ақ акцияларға тікелей жазылу құралын - Tabys мобильді қосымшасын әзірледі. Бұл әдіс акцияларды мобильді қосымша арқылы тікелей жазылым арқылы сатып алуға мүмкіндік берді, брокерлік шот ашпай, онлайн сатып алу үшін банк картасымен төледі.

	бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын портфельдік компанияларының жаңартылған тізбесі туралы		Сондай-ақ акцияларды смартфон арқылы емес, пошта бөлімшесінде брокерлік шот ашпай-ақ сатып алу мүмкіндігі қарастырылған. Қазпошта арқылы акцияларға тікелей жазылуды ресімдеу үшін автоматтандырылған бөлімшелердің біріне өтіп, операторға Қазақстан республикасы азаматының жеке куәлігімен және Қазақстанда шығарылған атаулы банк картасымен жүгіну қажет болды.
7.	2022 жылғы 18 наурыздағы № 2 «Самұрық-Қазына» АҚ заңды тұлғаларының және оның бәсекелес ортаға беруге ұсынылатын портфельдік компанияларының жаңартылған тізбесі туралы	7. Тәуекелдердің комплаенсын, оның ішінде заңнамаға сәйкестігін, іскерлік қатынастар орнатылғанға дейін мүдделер қақтығысы белгілерінің болуын және т.б. («Самұрық-Қазына» АҚ контрагенттерінің сенімділігін тексеру жөніндегі ереже) ескере отырып, жекешелендірілетін компанияларға заң сараптамасын (due diligence) жүргізу қамтамасыз етілсін.	ОРЫНДАЛДЫ Активтерді сату алдындағы даярлау кезеңінде Қор мен портфельдік компаниялар тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, ықтимал тәуекелдердің болуына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ішкі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігіне кешенді тексеру жүргізеді.
2022 жылғы 22 сәуірдегі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сатып алу тәртібін өзгерту» № 3 хаттамасы бойынша			
1.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	1. Сатып алу рәсімдеріне енгізілген өзгерістердің тиімділігін талдау үшін сатып алуға қатысушылардың шағымдарын өткен жылғы және жаңа тәртіптің қолданысы басталғанға дейінгі шағымдармен салыстыру үшін жүйеленсін.	ОРЫНДАЛДЫ Талдау мақсатында сатып алуға қатысушылардың шағымдары жүйеленді. Шағымдар тізілімі жүргізіледі (қоса беріледі).
2.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3	2. Жылдық келісімшартты ұлғайту жағына қарай қайта	ОРЫНДАЛДЫ

	«Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	қарау мүмкіндігі болмаған жағдайда, отандық өндірушілерге айыппұл санкцияларынсыз шарттарды бұзу мүмкіндігін беру туралы мәселе қарастырылсын.	Тәртіптің 65-бабының 8-тармағында ¹ егер өндіруші тауарды өндіру үшін қажетті шикізат пен жиынтықтауыштардың құнын елеулі ұлғайту фактісін негіздеген жағдайда, Тапсырыс берушінің отандық тауар өндірушімен шарт сомасын ұлғайту мүмкіндігі болмаса тараптардың өзара келісімі бойынша шартты бұзу мүмкіндігі көзделген.
3.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	3. Бизнес үшін құжат айналымын азайту, анықтамаларды жинау үшін құжаттарды жинау процестерін қолданыстағы дерекқорларға барынша кіріктірілсін.	ОРЫНДАЛДЫ 2023 жылға арналған ЭСАЖ-ды өзгерту бойынша жоспарланған іс-шаралар шеңберінде ЭСАЖ-ды мемлекеттік органдардың және ұйымдардың дерекқорларымен (ҚР ҚМ (қаржылық тұрақтылық бөлігінде), ЖТ МДҚ, ЗТ МДҚ, Атаулы тіркелім, КАТО анықтамалығы) интеграциялау жөніндегі іс-шаралар көзделген.
4.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	4. Сатып алу жоспарлары туралы ақпаратты қоғамдық ресурстағы сатып алу нәтижелері туралы ақпаратпен біріктірілсін.	ОРЫНДАЛДЫ Сатып алу жоспарлары, сондай-ақ сатып алу нәтижелері, оның ішінде шарттар туралы ақпарат zakup.sk.kz веб-порталының басты бетінде ашық қолжетімділікте орналастырылған
5.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	5. 100 АЕК дейін сыни емес сатып алуды толық реттеуден бас тартылсын.	ОРЫНДАЛДЫ Қордың Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 10 маусымдағы № 197 шешімімен Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар бекітілді, оның ішінде Тапсырыс берушілерге портфельдік компаниялар айқындаған тәртіппен Қордың сатып алу веб-порталын қолданбай 100 АЕК дейінгі тауарларды сатып алуды жүзеге асыруға мүмкіндік беруді көздейді.
6.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	6. Отандық өндірушілерге өнімді сататын дистрибьютерлік орталықтарға отандық өндірушілер ретінде сатып алуға қатысуға мүмкіндік берілсін.	ОРЫНДАЛДЫ Отандық тауар өндірушілер арасында бастапқы сатып алу өтпеді деп танылғаннан кейін «қарапайым заттар экономикасы» тауарларын сатып алуға қазақстандық тауарларға өнім берушілердің қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

			Бұл ретте дистрибьютерлік орталықтар жалпы негіздерде өткізілетін Қор ұйымдарының сатып алуларына да қатысуға құқылы.
7.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	7. Алдын ала біліктілік іріктеуді жүзеге асыру кезінде тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер санаттарының тізбесін кеңейту мүмкіндігі қарастырылсын.	Орындалып жатыр (тұрақты негізде) 2022 жылғы 7 желтоқсандағы жағдай бойынша санаттар саны 2021 жылмен салыстырғанда 2 есеге артық өсіп 49-ды құрады, тағы 10-ға жуық жаңа санат қосымша әзірленуде. Осы бағыттағы жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Жаңа санаттар санының өсуімен БАІ-205 кәсіпорыннан өткен әлеуетті өнім берушілердің саны артып келеді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 3 есеге ұлғайды.
8.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	8. Салыстыру және басқару процесін жеңілдету үшін Қорға және оның портфельдік компанияларына Қордың әрбір компаниясы деңгейінде (атауы, егжей-тегжейлі сипаттамасы, бағасы) сатып алынатын барлық тауарлардың толық тізілімін жасау ұсынылсын.	Орындалды Тәртіп талаптарына сәйкес қалыптастырылатын сатып алу жоспары барлық қажетті ақпаратты, атап айтқанда, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің атауын, сипаттамасын, маркетингтік бағасын қамтиды. Бұл ретте сатып алу жоспарларын барлық портфельдік компаниялар қалыптастырады және жүргізіледі және ЭСАЖ-да қарау үшін қолжетімді.
9.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	9. Қорда 150 млн теңгеден астам баға маркетингі процесі жаңғыртылсын.	Орындалды Қордың портфельдік компанияларының операциялық қызметіне араласпау қағидатын іске асыру мақсатында ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап Тапсырыс берушілер тауарлар бағасының маркетингін Тәртіпке № 3 қосымшада айқындалған тәртіппен дербес жүзеге асырады. Сонымен қатар Қор 2022 жылы сатып алу бағасының жоғарылау тәуекелін азайту мақсатында Қор компанияларының тобы бойынша орташа жоспарлы және нақты бағалардың асып кету мәніне жоспарлы бағаларын автоматты талдауды енгізді, сондай-ақ Тапсырыс берушінің бағаларды мемлекеттік сатып алу бағасымен автоматты түрде салыстыруын енгізді.
10.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3	10. Мемлекеттік сатып алудағы сияқты жасалған шарттар	Орындалып жатыр

	«Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	бойынша бағаларды қайта қарау үшін келісім комиссиялары жүйесін Қордың сатып алу тәртібіне енгізу мүмкіндігі қарастырылсын.	2022 жылғы 3 желтоқсанда бірінші деңгейдегі Қордың портфельдік компаниялары деңгейінде келісу комиссиялары жүйесін енгізу бөлігіндегі Тәртіпке өзгерістер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне және «Атамекен» ҚР ҰКП-ға келісуге жіберілді. Мақұлданған жағдайда, аталған өзгерістер Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын болады.
11.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	11. Сатып алудың санаттық стратегиялары аясында майлау майларының өнім берушілері үшін шарттар мен артықшылықтарды теңестіру мүмкіндігі қарастырылсын.	ОРЫНДАЛМАДЫ «Май және майлау» санаттық сатып алу стратегиясы Қор Басқармасының 2022 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№ 36/22 хаттама) күші жойылды деп танылды. «Май және майлау» ССС-ны алып тастау Серіктестік өкілдерінің қатысуымен өткен кеңестің қорытындысы бойынша «Қазхимпром» ЗТБ, отандық тауар өндірушілер және ҰКП тарапынан қолдау тапты (2022 жылғы 27 сәуірдегі № 6 хаттама).
12.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	12. Сатып алудың санаттық стратегиясын кеңейту мәселесі қарастырылсын.	ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР Қордың Сатып алуды жүзеге асырудың жаңа тәртібі қолданысқа енгізілген сәттен бастап сатып алудың санаттық стратегияларын іске асырудың тетіктері мен құралдарының саны қысқартылды. Қордың компаниялар тобы бойынша ССС -ның жалпы саны 78-ден 21-ге дейін қысқарды. Бүгінгі күні қорға сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі арқылы Қордың кейбір ССС-ны іске асыру мүмкіндігі туралы хат жолданды, бұл ССС-ны іске асыру құралдарының санын да, сапасын да арттыруға, сондай-ақ пайда әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.
13.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	13. «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС, демпинг нормаларына көзқарастарды өзгерту бойынша ұсыныстар қарастырылсын, өйткені келіссөздер барысында демпинг 30-50%-ға дейін жетеді (бекітілген 15%	ОРЫНДАЛДЫ Қорды Сатып алу тәртібінің ағымдағы нормаларында тендерді бәсекелестік келіссөздермен өткізу тәсілдері жоқ. Сондай-ақ «Арнайы киім» санаты бойынша ССС-ны өзектендіру аясында сатып алу тәсілімен «ашық тендер» және демпинг шарттары 15%-ға дейінгі мөлшерде көзделген.

		орнына), бұл тауарлардың сапасына теріс әсер етеді.	
14.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	14. Қордың компаниялар тобы үшін арнайы киім бойынша стандарттар біріздендірілсін.	ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР Арнайы киім бойынша стандарттар нарық өкілдерінің қатысуымен Қордың портфельдік компаниялары деңгейінде біріздендірілген, оның ішінде. «Атамекен» ҰКП, Жеңіл өнеркәсіп қауымдастығы және «QaztextileIndustry» ӨӨРҰ, МЕМСТ-ны қолданудың дұрыстығы, оның ішінде шикізаттың (мата, фурнитура және оқшаулау) ОТӨ-ні қолдау бөлігінде. Қор компаниялары тобы деңгейінде мата түрлерін біріздендіру салалардың әртүрлі ерекшеліктерінің, сондай-ақ ТМҚ тұтынудың климаттық жағдайларының (теміржол, мұнай, тау-кен, энергетика және т.б.) болуына байланысты қиындық тудырады. Алайда Қор нарық өкілдерінің қатысуымен стандарттарды өзектендіру бойынша жұмысты жалғастыруға дайын.
15.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	15. Шикізат импортына байланысты барлық жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарына жеткізу мерзімін 90 күнге дейін ұзарту ұсынылсын, өйткені маталарды жасау үшін 40-50 күн қажет.	ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР Қорға өзге салалардың тауарларын жеткізудің ең төменгі мерзімдерін ұлғайту жөнінде осындай ұсыныстар келіп түсті, осыған байланысты бұл мәселе қазіргі уақытта Қордың портфельдік компанияларымен пысықталуда, содан кейін тиісті шешімдер қабылданатын болады.
16.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	16. Сатып алуға қатысты алынған 200 ұсыныс бойынша, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы ақпарат жария ресурста орналастырылсын.	ОРЫНДАЛДЫ Бизнестің барлық ұсыныстары және оларды қарау нәтижелері туралы ақпарат Қордың ресми www.sk.kz веб-сайтында орналастырылған.
17.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	17. QazQloud үшін ерекше шарттар бойынша түсініктемелер берілсін.	ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР «QazCloud» серіктестігі 2022 жылғы 44 сәуірдегі отырыстың қорытындысы бойынша, № 3 хаттама, Қоғамдық кеңес ұсынымдарының 17-тармағын орындау мақсатында келесіні хабарлайды: «QazCloud» ЖШС қызметінің түрлері бойынша ақпараттық-коммуникациялық қызметтер саласындағы Қордың портфельдік

			компанияларын сатып алудың жалпы көлемі (бұлтты қызметтер, ақпараттық қауіпсіздік, бағдарламалық өнімдерді жалға беру, техникалық сүйемелдеу және т.б.) 2021 жылы 135 млрд теңгені, ал 2022 жылы 94 млрд теңгені құрайды. Осы көлем бойынша шарттар 2021 жылы 852 өнім берушімен, ал 2022 жылы 1145 өнім берушімен жасалды. Бұл ретте Қордың портфельдік компанияларымен «QazCloud» ЖШС келісімшарттарының үлесі небәрі 3%-5%-ды құрайды. Осылайша, «QazCloud» ЖШС нарық қатысушыларымен бірлесіп бәсекелестік орта жағдайында тұр. «QazCloud» ЖШС деректерді сақтау және ақпараттық қауіпсіздік бойынша Қор компанияларының жиынтық пайдалануынан пайда әкелетін инфрақұрылымдық АТ-сервистерінің қызметтерін көрсетеді. Өз кезегінде «QazCloud» ЖШС кешенді АТ шешімін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымға, жұмыстар мен қызметтерге қосымша болып табылатын қажетті ілеспе тауарларды сатып алу Қорды Сатып алу тәртібінде көзделген рәсімдерге сәйкес ашық нарықта жүзеге асырылады. Қосымша осы жылдың 1 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілген Сатып алу тәртібіне сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен (34-тен 20 негізге дейін немесе 41%-ға) сатып алу үшін негіздердің айтарлықтай қысқартылғанын атап өтеміз. Қордың бәсекелестікке жатпайтын сатып алуларды қысқарту бойынша жұмысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жоспарлы түрде жалғасуда. «QazCloud» ЖШС инфокоммуникация нарығында, оның ішінде Қор тобынан тыс қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететінін мәлімдейміз.
18.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-	18. Шарттар жасасу кезінде отандық өндірушілерді қолдау шараларының бірі ретінде	ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР «Арнайы киім» ССС сатып алуды жүзеге асыру шеңберінде қызметтің түйінді көрсеткіштерін (бұдан әрі – ҚТК), оның ішінде

	Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	Қазақстанда шикізат сатып алуды жүргізудің орындылығы келісілсін.	жергілікті қамту үлесін ұлғайту бойынша ҚТК енгізу жолымен өнім берушілерді дамыту бойынша тәсілдер көзделген. Бұл тәсіл өнім берушіні келесі жылға арналған шартты одан әрі ұзарту мақсатында жергілікті шикізатты пайдалану бойынша ынталандыруға мүмкіндік береді.
19.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	19. Қазақстандық қамтуды растау үшін жергілікті шикізат өнім берушілермен ниет хаттамаларына қол қою тәжірибесін енгізу мүмкіндігі қарастырылсын.	ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР «Арнайы киім» ССС шеңберінде АБІ 2.0 бойынша алдын ала білікті іріктеу жүргізіледі, онда өлшемшарттардың бірі өнім берушінің ОТӨ-мен шикізатты (маталарды, фурнитураларды және жылытқыштарды) ниеті туралы келісімшарттардың/шарттардың болуы туралы растауы. Жоғарыда айтылғандардың негізінде санаттық басқару шеңберінде жүзеге асырылатын сатып алу ОТӨ-ні, оның ішінде шикізатты ОТӨ-ні қолдауды жүзеге асыруға және Қор компаниялары тобы үшін әлеуметтік маңызды санатпен қамтамасыз ету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте 2022 жылғы 4 тоқсанда Серіктестіктің атына әлеуетті өнім берушінің жергілікті шикізат өндіруші шикізатты сату туралы ниет хаттамасына қол қоядан бас тартатыны туралы шағымы келіп түсті. Келіссөздер барысында жергілікті шикізат өндіруші ниет шарттарына қол қоядан бас тартудың себебі бұрын қол қойылған ниет шарттары бойынша шикізатты сатып алу бұдан әрі жүргізілмегендігі туралы мәлімдеді. Қазіргі уақытта осы жағдайды реттеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұдан басқа осы тармақты орындау үшін Серіктестік Өндірістің толық циклін дамыту бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама 2.0) жобасын әзірледі, оның мақсаты өндірістің неғұрлым толық цикліне жеткізу мақсатында Қор компаниялары сатып алатын дайын өңделген өнімнің өндірісін оқшаулау деңгейін біртіндеп арттыру. Бағдарламаның фокусында шикізат пен жинақтауыштардың жаңа өндірістерін құруға жәрдемдесу болады, бұл ретте

			жекелеген жағдайларда Қор өнім берушілерінің жолға қойылған өндірістермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету қажет болады. Бағдарламаны іске қосу үшін мынадай тәсілдер ұсынылады: 1. Импортты алмастыру және өндірістерді оқшаулау үшін өнімнің неғұрлым маңызды түрлерінің тізбесін айқындау; 2. Қор компанияларына жеткізілетін дайын өңделген өнімді өндіру кезінде отандық шикізатты және жинақтауыштарды қолдануды ынталандыру құралдарын әзірлеу; 3. Жасалған құралдарды сынау және пысықтау мақсатында пилоттық жобаны(-ларды) іске қосу; 4. Пилоттық жобаларды іске асыру тәжірибесін ескере отырып, бағдарламаны масштабтау. 2022 жылғы 8 желтоқсандағы жағдай бойынша Бағдарлама 2.0 жобасы Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және салалық қауымдастықтар мен одақтардың қарауына жіберілді. Бұдан басқа Серіктестіктің Бағдарлама 2.0 тұжырымдамасын және проблемалық мәселелерді талқылау үшін жоғарыда аталған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен жұмыс кездесулері мен кеңестер өткізді. Қазіргі уақытта бизнес-қоғамдастықпен белсенді талқылаулар, сондай-ақ Бағдарлама жобасына келіп түскен ұсыныстарды жинақтау және талдау бойынша жұмыстар жүргізілуде.
20.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»	20. Жиһаз өндірушілердің кеңсе жиһазын сатып алуға тыйым салуды алып тастау туралы ұсынысы қарастырылсын.	ОРЫНДАЛДЫ Үш жылдық кезеңге офистік жиһаз сатып алуға тыйым салу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 шілдедегі № 475 қаулысымен белгіленген. Осылайша кеңсе жиһаздарын сатып алуды Қор ұйымдары 2023 жылғы шілдеден бастап қайта бастауы мүмкін.
21.	2022 жылғы 22 сәуірдегі № 3 «Самұрық-	21. Сатып алу жүйесіне факторингті енгізу мүмкіндігі қарастырылсын.	ОРЫНДАЛМАҒАН Қордың сатып алу жүйесіне факторингті енгізу сатып алу веб-порталын едәуір пысықтауды талап етеді.

	Қазына» АҚ сатып алу тәртібін өзгерту»		Бұл ретте Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Қордың сатып алулары 2024 жылдың басынан бастап мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерін сатып алудың бірыңғай порталына көшіріледі. Осыған байланысты Қордың сатып алу жүйесіне факторингті енгізу орынсыз деп санаймыз.
«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 20 мамырдағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тыңдау жөніндегі № 4 хаттамасы бойынша			
1.	2022 жылғы 20 мамырдағы № 4 Қоғамдық бақылау. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тыңдау	1. «ҚМГ» ҰК» АҚ жұмыскерлерінің жалақысын арттыру жөніндегі саясатты компания қызметінің тиімділігімен байланыстыру туралы мәселе қарастырылсын.	ОРЫНДАЛДЫ ҚМГ әлеуметтік жауапты компания болып табылады, сондықтан қоғам алдындағы өз міндеттемелерін толық көлемде орындайды. ҚМГ тобы жұмыскерлерінің жалпы санының шамамен 74%-ы Қазақстанның батыс өңірінде (оның ішінде Маңғыстау облысында 52%) шоғырланған, онда әлеуметтік жағдай тұрақсыз. Оның ішінде ҚМГ компаниялар тобы қолданыстағы Ұжымдық шарттар бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жіберген инфляция бойынша жоспарлы макро көрсеткіштерге жалақыны жыл сайын индекстеу бойынша өз міндеттемелерін орындайды. Бұл ретте ҚМГ компаниялар тобының басшылығына жыл сайын ҚМГ құрылымын оңтайландыру, үлестік көрсеткіштерді жақсарту, көмірсутек қорларын толықтыру, МӨЗ-ге шығуды жақсарту бойынша ҚТК белгіленеді және компания қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған, сол арқылы ҚМГ-дағы жалақы деңгейі бойынша жыл сайынғы индекстеуді нивелирлейді.
2.	2022 жылғы 20 мамырдағы № 4 Қоғамдық бақылау. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тыңдау	2. Комплаенс қызметіне расталмаған өтініштер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, жасырын болуына қарамастан, ұжымдарға қозғалатын проблемалардың мәнін және олар бойынша компанияның	ОРЫНДАЛДЫ Комплаенс қызметі 2022 жылдың шілде және қазан айларында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының қатысуымен 2022 жылдың 2 және 3 тоқсанындағы жұмыстың қорытындысы бойынша комплаенс мәселелері бойынша кеңестер өткізді, олардың барысында комплаенс қызметтеріне келіп түскен өтініштерді қарау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кеңестердің қорытындысы бойынша жұмыскерлерді Жедел желінің жұмыс істеуі туралы тұрақты түрде хабардар ету, 2022

		пайымын көтеру және түсіндіру. 8. «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ Комплаенс қызметінің жұмысын күшейту. Ережеде ресми өтініштерге нақты жауап регламенті және жауаптарға шағымдану тәртібі жоқ. Мердігер компаниялардың өтініштерге айлар бойы жауап алмаған фактілері бар. Комплаенс қызметіне жүгінуге регламентпен өтініштерге жауап беру мерзімі бекітілмегені және жұмыскерлердің барлық өтініштерге жауап беруге міндетті еместігі туралы жауап алынды. Телефон арқылы кәсіби емес және әдепті емес жауаптарға қатысты әңгімені жазу керектігі туралы түсініктеме берді, себебі Қызмет жазбаны жүргізбейді, ал дәлелсіз ешқандай шара қабылдай алмайды.	жылдың бірінші жартыжылдығында Өлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығының жүргізген бағалауының қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексінің көрсеткіштерін жақсарту жөнінде шаралар қабылдау; Комплаенс қызметіне түсетін расталмаған өтініштер бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізуге; жасырын болғанына қарамастан, қозғалатын проблемалардың мәнін және олар бойынша компанияның пайымын көтеру және ұжымдарға түсіндіру. ҚМГ-ға өтініштер e-otinish.gov.kz, nysana.cscs.kz, sk-hotline.kz. платформалары арқылы түседі. Өтініштер заңнамада белгіленген мерзімде қаралады. Комплаенс қызметі Жедел желіге келіп түскен барлық жасырын өтініштерді қарастыратынын қосымша атап өтеміз.
3.	2022 жылғы 20 мамырдағы № 4 Қоғамдық бақылау. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тыңдау	3. «Жасыл қаржыландыру» тетіктерін пайдалану жөніндегі ұсыныстар қаралсын.	ОРЫНДАЛДЫ ҚМГ қарауында жаңартылатын энергия көздері кластерінде (ЖЭК деп аталатын) жобалар пулы бар: 1) «Жамбыл облысы Мирный кентінде қуаты 1000 МВт жел электр станциясын салу» жобасы энергия жинақтау жүйесін пайдалана отырып. 2022 жылғы 9 маусымда Қағидаттар туралы келісімге қол қойылды, Total Eren S.A. Жоба девелопері, ҚМГ және «Самұрық-Қазына» АҚ С-девелоперлері 1,8-2,0 млрд АҚШ доллары сомасына айқындады.

		2) Маңғыстау облысында қуаттылығы жылына 272 кВтсағ болатын 80 МВт ЖЭС, қуаттылығы 100 МВт СЭС салуды көздейтін жаңартылатын энергия көздерінің гибриді жобасы, жылдық өндірісі жылына 177 кВтсағ, сомасы 85 млн АҚШ долларын құрайды. 3) «Қуаты 6,7 МВт дейінгі ҚМГ ЕТҰ аумағында қуаты аз ЖЭК салу» жобасы, ҚМГ еншілес компанияларының Атырау және Маңғыстау облыстарындағы жанама шығарындыларын жылына 6 995 тонна CO₂ 9 млн АҚШ доллары сомасына азайту мақсатында. «ECOJER» - «Тұрақты болашағыңды қалыптастыр!» 1-халықаралық конгресі шеңберінде 2021 жылғы 3 маусымда Нұр-Сұлтан қаласына Атырау МӨЗ-де (бұдан әрі – АМӨЗ) Еуропа Қайта Құру және Даму Банкімен (бұдан әрі – ЕҚДБ) бірлескен «жасыл қаржыландыру» жобасы іске қосылды. АМӨЗ бен ЕҚДБ ҚМГ кепілдігімен 7 жылға 34,1 млрд теңгеге TAZALYQ жобасын қаржыландыру туралы келісімге қол қойды. Жобаны іске асыру Атырау қаласының қоршаған ортасының жай-күйін жақсартатын, экологиялық таза технологиялар мен «жасыл» экономиканы дамытуға жәрдемдеседі, қала тұрғындарының денсаулығына қайырымдылық ықпал етеді және Атырау өңірінің қоршаған ортасына, флорасына және фаунасына АМӨЗ әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда инвестициялық банктер мен қаржы мекемелері ҚМГ тобының ЖЭК саласындағы жобаларын іске асыру үшін қаржыландыруға/қаржыландыруды ұйымдастыруға қатысуға қызығушылық танытты. Қаржыландырудың осы түрінің классикалық қаржыландырумен салыстырғанда ерекшелігі белгілі бір «жасыл» көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша ковенанттарды орындау қажеттілігі болып табылады, мысалы, белгіленген мерзімге шығарындылар деңгейін төмендету, энергия тиімділігін арттыру, сондай-ақ тәуелсіз консультант верификациялауға тиіс өзге де параметрлер.
--	--	---

		Бүгінгі таңда ағымдағы нарықтық жағдайларда қарыз алу құны айтарлықтай жоғары. Мысалы, 2025-2048 жж. өтеу мерзімімен айналыстағы ҚМГ еурооблигациялары бойынша кірістілік жылдық 6,04%-дан 7,62%-ға дейін құрайды (JP Morgan инвестициялық банкінің 12.12.2022 жылғы есебіне сәйкес). Талдау «жасыл» құралдар бойынша қарыз алу құны классикалық құралдарды пайдалану кезінде қарыз алу құнынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ екенін анықтады. Сонымен қатар ЕҚДБ сияқты бірқатар қаржы мекемелері банктің экологиялық және әлеуметтік саясатына сәйкестігі, экологиялық және әлеуметтік басқару жүйесін енгізу, жобалық шешімдерді әзірлеу кезінде Еуропалық одақта қабылданған ең қолжетімді технологияларды қолдану бойынша жоғары талаптарды көздейтінін атап өту қажет. Мәселен ҚМГ қарауындағы ЖЭК саласындағы жобалардың «іске асыру» кезеңіне көшуіне қарай, оларды іске асырудың табыстылығына әсер ететін жоғарыда аталған жағдайларды назарға алу қажет болады. Өз тарапынан, ҚМГ Қор Басқармасының төрағасы А.М. Сәтқалиевтің тапсырмаларын орындау бойынша бақылауды бекітудің Жол картасының 21-тармағын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 шілдедегі «Самұрық-Қазына» АҚ реформалау мәселелері жөніндегі тапсырмаларын орындау үшін кеңейтілген жол картасын іске асыру мәселелері жөніндегі кеңесте берілген деректерді ҚМГ «жасыл қаржыландыруды» тарту үшін қажетті бірқатар ұсыныстарды әзірлеп, 2022 жылғы 31 қазандағы стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор Е.Қ. Бердіғұловтың төрағалығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-да өткен кеңесте таныстырды. Атап айтқанда «жасыл қаржыландырудың» барлық тетіктері «жасыл» жобалар мен дәстүрлі жобаларға бағытталған ақша ағындарын бөлек есепке алуды талап етеді. Бұл үшін ҚМГ «жасыл» жобалар үшін жеке бюджет қарастыруды ұсынды, бұл Инвестициялық қызмет бойынша корпоративтік стандарт
--	--	--

			қолданылмайтын жобалардың қосымша тобын бөлуді білдіреді. «Жасыл» жобаларды қаржыландыру үшін ҚМГ жекелеген ережелерді әзірлеуді ұсынады. Сондай-ақ дәстүрлі және «жасыл» жобалар арасындағы ақша ағынын ажырату үшін «жасыл» жоба екенін анықтау маңызды. Бұл үшін ҚМГ 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 «Жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобалардың жіктемесін (таксономиясын) бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысын (бұдан әрі - № 996 ҚР ҰҚ) пайдалануды ұсынады. ҚР ҰҚ № 996 аясында шығарындыларды азайту, энергия тиімділігін арттыру немесе ресурстарды үнемдеу бағыттары, сандық көрсеткіштері анықталды. Бұл ретте № 996 ҚР ҰҚ «жасыл қаржыны» белсенді тартатын Еуропалық одақ пен Қытайдың «жасыл» жобаларының тізбесін қалыптастыру тәжірибесіне негізделген. Өз тарапынан ҚМГ әзірленген ұсыныстар мен парниктік газдар шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, эмиссияларды қысқарту бойынша нақты жобаларды қалыптастыру, сондай-ақ әлемдік нарықтардағы жағдайды қалпына келтіру «жасыл» қаржыландыру құралдарын тарту мүмкіндігін қамтамасыз етеді деп пайымдайды.
4.	2022 жылғы 20 мамырдағы № 4 Қоғамдық бақылау. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тыңдау	4. Компанияға қатысты беделді және басқа да тәуекелдерді болдырмау үшін еңбек заңнамасын орындау бөлігінде мердігер ұйымдарға қойылатын неғұрлым жоғары талаптар белгіленсін.	ОРЫНДАЛДЫ 2022 жылдың басында ҚМГ әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында өңірде ҚМГ ЕТҰ мен олардың мердігерлік ұйымдары арасындағы жалақы мөлшеріндегі алшақтықты қысқарту бойынша жұмыс жүргізілді. Ол үшін ҚМГ мынадай шараларды қабылдады: • мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің жалақысы, • мердігерлердің жалақысын тапсырыс берушінің жалақысына ұқсас инфляция деңгейіне жыл сайын индекстеу туралы шешім қабылданды. • мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлері үшін кепілдендірілген әлеуметтік пакет енгізілді.

			ҚМГ ЕТҰ мердігер ұйымдармен осы өзгерістерді және тиісінше, көрсетілетін қызметтерге тарифтерді ұлғайтуды көздейтін 158 қосымша келісім жасалды. Қосымша келісімдер жасасу кезіндегі шарттардың бірі тек көрсетілген мақсаттар үшін және кем емес жағдайларда ғана шарт бойынша жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге арналған ақшалай қаражатты пайдалану болды. Мердігер ұйымдардың аталған ақша қаражатын өзге мақсаттарға пайдалануға құқығы жоқ. Осыған байланысты ҚМГ-ның Ақтау қаласындағы өкілдігі жүзеге асырылады: - мердігер ұйымдардың ақша қаражатын мақсатты пайдалануына мониторинг; - еңбек ұжымындағы жағдайды әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы теріс көріністердің туындауының ықтимал факторларын, себептерін, жағдайлары мен алғышарттарын анықтау және белгілеу тұрғысынан үздіксіз мониторингілеу және талдау; - еңбек ұжымында әлеуметтік наразылықтың туындауының нақты және ықтимал тәуекелдерін зерделеу және болжау.
5.	2022 жылғы 20 мамырдағы № 4 Қоғамдық бақылау. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тыңдау	5. ҚМГ өңірлік ЕТҰ үшін жаңа технологияларды сатып алуды орталықсыздандыру бойынша ұсыныстарды қарау. «ҚМГ» ҰК және ҚМГ Инжинирингпен келісу алып тасталсын.	ОРЫНДАЛМАҒАН «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобының мұнай және газ өндіру үшін техника мен технологиялардың жаңа түрлерінің тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарын ұйымдастыру, жүргізу және есепке алудың қолданыстағы қағидаларына (бұдан әрі – ТӨС қағидалары), сондай-ақ «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС жанындағы ғылыми-техникалық кеңес туралы Ережеге сәйкес (бұдан әрі – ҒТК) жаңа технологияларды енгізу мәселелері ҒТҚ-ға шығарылады. ҒТК тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады және ҚМГ компаниялар тобының ғылыми-техникалық, технологиялық, инновациялық және техникалық-экономикалық мәселелерін шешу бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды алқалы талқылауға, әзірлеуге арналған. ҒТК құрамына «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-ның де, ҚМГ-ның да бейінді мамандары кіреді. Аталған мәселелерді ҒТК деңгейінде келісу үдерісін алып тастау, біздің пікірімізше, тәуелсіз

			сараптаманың болмауына, жаңа технологияларды енгізу тиімділігінің төмендеуіне, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа арналған алғышарттардың ұлғаюына әкеледі. Осыған байланысты ФТК деңгейінде жаңа технологияларды енгізу туралы шешім қабылдау процесін қалдыру қажет.
6.	2022 жылғы 20 мамырдағы № 4 Қоғамдық бақылау. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тыңдау	6. Өтеусіз ТӨС (тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар) саласындағы сатып алу ережелерін қайта қарау жөніндегі ұсыныстарды қарау. ҚМГ ЕТҰ мердігерлерді оң нәтиже болған жағдайда технологияның компанияда енгізілетінін ынталандыра отырып, өтеусіз ТӨС арқылы жаңа технологияларды енгізуді тәжірибеде қолданады. Қағидаларда сондай-ақ ТӨС-ті кемінде үш ұңғымада жүргізу қажеттігі де жазылған, бұл мердігердің күрделі шығындарын бірнеше есе арттырады. Бұл ретте ешбір жерде ТӨС шартында оң нәтиже болған жағдайда мердігерге жұмыс көлеміне кепілдік берілетіні көрсетілмейді.	ОРЫНДАЛМАҒАН Сұрақ әділ қойылады және ҚМГ осындай сұрақты қоюды қолдайды. Бұрын ҚМГ осы сұрақты Қор алдында көтерген болатын (21 жылғы 24 маусымдағы № 101-34/4135 хаты қоса беріледі), бірақ қолдау таппаған. ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдары ТӨС жүргізу кезінде ТӨС қағидаларын басшылыққа алады. Жаңа техниканы немесе технологияны өнеркәсіптік енгізу туралы шешімді ТӨС нәтижелері бойынша НТҚ қабылдайды. Өнеркәсіптік енгізу туралы шешім қабылданған жағдайда ҚМГ ЕТҰ «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алуды жүзеге асыру тәртібін (бұдан әрі – Тәртіп) басшылыққа алуы тиіс. Тәртіпте табысты ТӨС нәтижелері бойынша бір көзден тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу мүмкіндігі көзделмеген. Осыған байланысты, Тәртіпте өтеусіз ТӨС өткізілетін компаниялар үшін тендердің басқа қатысушылары алдында тиісті артықшылықтарды қарастыру қажет. Мәселені оң шешу үшін жеке компанияларға аталған бастаманы бизнестің мүдделері мен бәсекелестікті қорғауда тұрған «Атамекен» ҰКП арқылы Қорға енгізу орынды. Сонымен қатар, жеке компанияларға «Атамекен» ҰКП-мен қатар Қорды сатып алу тәртібіне барлық ұсыныстарды келісуге қатысатын ҚР БҚДА мен ҚР Қаржы министрлігінің қолдауын алу ұсынылады.
7.	2022 жылғы 20 мамырдағы № 4 Қоғамдық бақылау. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тыңдау	7. ҚМГ Инжинирингтің дербестігін төмендету мүмкіндігін қарастыру. Қазіргі уақытта негізгі функциясы жобаларды ғылыми-техникалық сүйемелдеу болып табылатын бұл институт жеке	ОРЫНДАЛМАҒАН ҚМГИ ҚМГ және оның ЕТҰ шарттары бойынша өз бейіні бойынша жұмыстарды орындаушы болып табылады. Мердігер ретінде ҚМГИ таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Сатып алу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады. ҚМГИ филиалдарын негізінен жер қойнауын пайдаланушылар – ҚМГ ЕТҰ қаржыландырады және тапсырыс берушілерге тәуелді.

		«мемлекетке» айналды, бірақ ол шын мәнінде мердігер болып табылады. Барлық ережелер былай жазылған, тіпті жер қойнауын пайдаланушылар институттың позициясымен келіспеген жағдайда да, ҚМГ Инжинирингке ықпал ету тетіктері жоқ немесе өте әлсіз.	ҚМГИ-дің бас кеңсесі ҚМГ-мен келісім аясында қаржыландырылады және оның жұмысы ҚМГ активтері қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған. ЕТҰ бақылауында емес бас кеңсенің болуы ҚМГ-ға ЕТҰ қызметін жақсарту бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау үшін тәуелсіз ұсынымдар алуға мүмкіндік береді. «Ықпал ету тетіктеріне» қатысты ҚМГИ басқаруды ҚМГ өкілдерінен тұратын ҚМГИ Байқау кеңесі жүзеге асыратынын атап өткен жөн.
Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 27 мамырдағы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ тыңдау жөніндегі № 5 хаттамасы бойынша			
1.	2022 жылғы 27 мамырдағы № 5 Қоғамдық бақылау. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ тыңдау	1. Жеке тасымалдаушылармен өзара іс-қимыл регламентіне жедел қол қою мүмкіндігі қарастырылсын.	ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР <i>Регламентті өзектендіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі уақытта Регламентке қажетті толықтырулар «ҚТЖ» ҰК» АҚ жеке тасымалдаушылармен бірлесіп құрған Жұмыс тобы шеңберінде талқылануда.</i>
2.	2022 жылғы 27 мамырдағы № 5 Қоғамдық бақылау. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ тыңдау	2. 2021 жылы ҚТЖ басшылығымен және ҚР Үкіметімен келісілген 18 бағыт шеңберінде жеке компанияларды МТЖ-ға жіберу мүмкіндігі қарастырылсын.	ОРЫНДАЛЫП жатыр <i>ҚР заңнамасына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2023-24 тасымалдау жылына тасымалдаушылардан өтінімдер қабылданды, қарау пойыздар қозғалысының кестесін әзірлеу шеңберінде жүргізіледі. Кестені әзірлеу рәсімі 2023 жылғы ақпанның соңына дейін жалғасады.</i> Бұл ретте 2021 жылы аталған бағыттар тізбесін келісу алдын ала жүргізілді. Тасымалдаушылардың өтінімдерін қабылдау және қарау қорытындылары бойынша мынадай жағдай қалыптасты. Мәселен, ҚР Үкіметіндегі кеңесте алдын ала келісілген 18 бағыттың 6-ы экспорттық болып табылады және қабылдаушы тараптың темір жол әкімшілігімен/тасымалдаушымен өзара іс-

			қимыл жасай алмауына байланысты жеке тасымалдаушы игере алмайды (<i>бұл мәселе кезінде бейінді министрлікке жеткізілді және көрші темір жол әкімшілігінің ерік білдіруіне байланысты</i>). Қызмет көрсету үшін берілген қалған 12 бағыттың ішінде тасымалдаушы 2022 жылы 10 бағытқа жүгінген, іс жүзінде 7 бағытта жұмыс істейді. Тасымалдаушы 3 бағытты игермеген. «ТТТ-Сервис» ЖШС-да алдын ала келісілген 15 бағыттың 3-і экспорттық бағыттар болып табылады және қабылдаушы тараптың темір жол әкімшілігімен/тасымалдаушысымен өзара іс-қимыл жасай алмауына байланысты жеке тасымалдаушы игере алмайды. Қалған 12 бағыттың ішінде тасымалдаушы 7 бағытта жұмыс істейді. Қалған 5 бағытта өз өтініміне қарамастан өз бастамасымен жұмысқа кіріспеді.
3.	2022 жылғы 27 мамырдағы № 5 Қоғамдық бақылау. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ тыңдау	3. ҚТЖ алаңдарында жеке тасымалдаушылардың қатысуымен жүйелі мәселелер бойынша жұмыс топтарының жұмысы қайта басталсын.	ОРЫНДАЛДЫ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да жеке тасымалдаушылардың қатысуымен өткен жұмыс тобының отырыстары қайта басталды. ЖТ шеңберінде талқылауға жататын мәселелер тізбесімен ЖТ-ның 2022-2023 жылдарға арналған жұмыс жоспарының бірлескен жобасы қалыптастырылды.
4.	2022 жылғы 27 мамырдағы № 5 Қоғамдық бақылау. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ тыңдау	4. Есептерге тасталған пойыздардың саны ретінде сапалық көрсеткіш енгізілсін.	ОРЫНДАЛЫП жатыр <i>Тасталған пойыздар санын сапалық көрсеткіш ретінде анықтау мүмкіндігі мәселесі талқылануда.</i> <i>Бұл ретте ұзақ мерзімді кезеңге арналған нақты сапалық көрсеткішті белгілеуде қиындықтар бар.</i> Тасталған пойыздардың пайда болу себептерінің болжанбайтындығын ескере отырып, олардың нормативтік санын жоспарлау мүмкін емес және қандай да бір шекті мән белгіленген жағдайда артық бюрократиялық құжат айналымы мен есептілікке әкеледі. Аралас тасымалдаушылардың, теңіз порттарының жүкті қабылдауға дайын болмауына байланысты жүк алушылар немесе шекара өткелдері жүкті қабылдамаған жағдайда, мысалы, түсіру жабдығының бұзылуына немесе артық

			тиелуіне байланысты, ауа райы жағдайлары бойынша, сондай-ақ техникалық себептер бойынша пойыздар тоқтатылады. Вагон бизнесінің қазіргі нарықтық жағдайында вагон иелері өз паркіне өздері операция жасайды және талап етілмеген жағдайда олардың қозғалысынан қалып қояды. Сондай-ақ жүк жөнелтушілердің басқа темір жол әкімшіліктерінің меншік вагондарының тиеп жөнелтудің нақты мүмкіндіктерінен асып түсетін артық тапсырыстары орын алады. Мысалы, ағымдағы жылдың шілде айында «Шұбаркөл Көмір» АҚ жүк жөнелтушісінің атына вагондарды 7 000 жоспарын орындау үшін қажеттілік болған жағдайда шамамен 1 600 ресейлік вагон жолданды. Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша тасталған пойыздардың пайда болуы, сондай-ақ тасымалдау көлемінің өсуі, жөндеу-жол жұмыстарын жүргізу және «домино» қағидаты бойынша инфрақұрылымның жекелеген элементтерінің жүктемесі жағдайында басқа пойыздардың тасталуына әкеп соғады. Демек пойызды тастау – бұл теміржолға тәуелді емес факторлар бойынша туындайтын технологиялық процестің бір бөлігі.
5.	2022 жылғы 27 мамырдағы № 5 қоғамдық бақылау. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ны тыңдау	5. «Атамекен» ҰКП Көлік және логистика жөніндегі жұмыс тобының басшысы Б.Р. Қадыровтың ескертулері бойынша есеп дайындалсын.	ОРЫНДАЛЫП жатыр Магистральдық теміржол желісіндегі тастанды пойыздар мәселесі өзектілігін сақтайды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да пойыз жағдайына жедел ден қоюды қамтамасыз етуге және вагондар мен пойыздардың тоқтап қалуы жағдайында пойыздардың қозғалысын ұйымдастыруға бағытталған арнайы штаб құрылды, бұл МТЖ өткізу қабілетінің ресурстарын шектеуге әсер етеді. Штаб құрамына компания басшылығы мен диспетчерлік аппарат кіреді. Тәулігіне екі рет пойыздардың қозғалысын реттеуге жауапты өңірлік бөлімшелермен селекторлық кеңестер өткізіледі, дербес жауапкершілік бекітілді. Вагондардың жинақталып қалуының себептерінің бірі - олардың айналымының 80%-ға (5-тен 9 күнге дейін) едәуір баяулауы, бұл ағымдағы жылдың көктемінен бастап ресейлік түйіспелер

			бойынша пойыздарды қабылдаудың 30%-ға төмендеуіне байланысты. Бұл мәселе ҚР және РФ премьер-министрлерінің кездесулері деңгейінде екі рет көтерілді, алайда тиісті шешім таппады. Ресей тарапының вагондарды қабылдамауының нәтижесінде бүкіл желіде пойыздар жиналды.
«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 7 маусымдағы «KEGOC» АҚ-ны тыңдау жөніндегі № 6 хаттамасы бойынша			
1.	2022 жылғы 07 маусымдағы № 6 қоғамдық бақылау. «KEGOC» АҚ-ны тыңдау	Ұсыныстар жоқ.	Отырыс қорытындысы бойынша ұсыныстар берілмеді. «KEGOC» АҚ-ның есебі бірауыздан қабылданды.
«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 17 маусымдағы «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау жөніндегі № 7 хаттамасы бойынша			
1.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	Адалдық көрсеткішінің төмендеуіне байланысты байланыс сапасын жақсарту жұмысын күшейту ұсынылады (NPS).	ОРЫНДАЛЫП жатыр (тұрақты негізде) <i>Ұсынымды орындау бойынша мәртебе мен нәтижелер осы құжатқа қоса беріледі.</i> № 1 қосымшаны қараңыз
2.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	5G саласында зерттеу бойынша ашық үстел өткізу ұсынылады.	ОРЫНДАЛДЫ 2022 жылғы 29 маусымда «Қазақтелеком» АҚ Қазақстанда 5G технологиясын енгізу тұжырымдамасы бойынша жұртшылыққа онлайн конференция өткізді. Жұртшылық арасында БАҚ, мобильді операторлар, ҚР ЦДИАӨМ, ҚР Ұлттық телекоммуникация қауымдастығы және жоғары оқу орындарының өкілдері, сондай-ақ 5G технологиясы саласындағы сарапшылар болды. өткен конференция туралы баспасөз хабарламалары «Қазақтелеком» АҚ-ның ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында, сондай-ақ Tengrinews.kz және Profit.kz интернет-ресурстарда жарияланды. Баспасөз хабарламаларына сілтемелер қоса беріледі.

			Конференция қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қоғамдық кеңесіне хат жолдады (2022 жылғы 07 шілдедегі № 01-21-09/2514). Қазақстанда 5G технологиясын енгізу тұжырымдамасы бойынша онлайн конференция туралы баспасөз хабарламаларына сілтемелер: 1. https://telecom.kz/ru/news/view/33122 2. https://www.instagram.com/p/CfdVkDJoEpd/ 3. https://www.facebook.com/telecomkz/photospcb.5028842240546289/5028841843879662/ 4. https://t.me/kazakhtelecom_official/3389 5. https://tengrinews.kz/internet/ikt-vzryiv-tehnologiya-5g-sposobna-izmenit-ekonomiku-472181/ 6. https://profit.kz/news/62693/5G-stanet-drajverom-dlya-cifrovoj-transformacii-i-novih-cifrovih-uslug-v-Kazahstane/
3.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	«Қазақтелеком» АҚ «Кселл» АҚ-ның акцияларын тәуелсіз бағалау бойынша КПМГ-ның есебін ашу мүмкіндігі мәселесін пысықтасын.	ОРЫНДАЛМАДЫ Мәселе пысықталды, есепті ашу мүмкін емес. Анықтама қоса беріледі. № 2 қосымшаны қараңыз
4.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	QAMS қауымдастығының атқарушы директоры Д.Е. Темірбаевтың сұрау салуына қатысты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми жауабын зерделегеннен кейін «Қазақтелеком» АҚ-ның	ОРЫНДАЛЫП жатыр <i>Мәселе пысықталуда.</i> Бұған дейін «Қазақтелеком» АҚ корпоративтік сайтында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) «Кселл» АҚ акцияларымен жасалған бірқатар мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мәселесіне түсініктеме берген болатын. https://telecom.kz/ru/news/view/32976

		сайтында және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қоғамдық кеңесінің парақшасында қаржы реттеушісі тіркеген «Kcell» АҚ-ның акцияларымен ықтимал манипуляцияларға қатысты толық және түбегейлі жауап жариялансын.	QAMS-тен сұрау салу бойынша «Қазақтелеком» АҚ-ның корпоративтік сайтта ашылған ақпараттан басқа ақпаратты қамтымайтын ҚНРДА хаты алынды. «Кселл» АҚ акцияларымен мәмілелер бойынша ҚНРДА сараптамалық қорытындысын «Қазақтелеком» АҚ ұсынбағандықтан, ҚНРДА-дан сараптамалық қорытынды сұралды. ҚНРДА-дан жауап күтілуде. № 3 қосымшаны қараңыз
5.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	Өндірушілермен тікелей келісімшарттарға көшуді қарастыру (мысалы, Huawei, Ericsson және т.б.).	ОРЫНДАЛЫП жатыр «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникациялық жабдық өндірушілерімен тікелей шарттар жасасуды, егер өндірушінің сату саясаты бұған мүмкіндік берсе, құптайды. Сонымен Juniper, Cisco сияқты әлемдік деректерді беру жабдықтарын өндірушілер өз жабдықтарын сатуды тек өздерінің ресми дистрибьюторлары арқылы жүзеге асырады (қоса беріледі). Басқа өндірушілердің көпшілігіне келетін болсақ, осы бастаманы іске асыру мақсатында «Бір көзден сатып алу тәсілін қолдану ерекшеліктері» тәртібінің 59-бабына тауар өндірушіден тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тікелей сатып алу мүмкіндігін енгізу үшін қордың сатып алу тәртібіне өзгерістер енгізу қажет. № 4 қосымшаны қараңыз.
6.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	Cisco компаниясының үлгісі бойынша өндірушіден серіктеске (DDU) жабдықты жеткізуге көшу мүмкіндігін қарастыру.	ОРЫНДАЛДЫ «Қазақтелеком» АҚ-ның ашық тендерлеріне қатысатын өнім берушілер жабдықты өндірушілерден (DAP (DDU 2021 жылға дейін), CIP немесе EXW) сатып алады, өйткені жабдықты, атап айтқанда, Cisco компаниясы сатып алуды «Қазақтелеком» АҚ атынан Тапсырыс беруші DDP шарттарында ашық тендер өткізу арқылы жүзеге асырады, ал «Қазақтелеком» АҚ-ның сатып алуларына қатысатын Cisco серіктесі DAP (2021 жылға дейін DDU), CIP немесе EXW шарттарында Cisco өндіруші компаниямен шарт жасасады.

			Осылайша «Қазақтелеком» АҚ жабдықты сатып алуды Тапсырыс берушінің қоймасына жеткізу шартымен толық кедендік рәсімдеуді ұйымдастырады (ерекшелік – ресейлік компанияның және Ресей аумағынан тауарларды жеткізу, өйткені ҚР мен РФ ЕАЭО Кеден одағында). Қоғам сатып алатын жабдықты жеткізуге және кедендік рәсімдеуге байланысты барлық тәуекелдерді «Қазақтелеком» АҚ-ның сатып алуларына қатысатын өнім беруші көтереді.
7.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	«Қазақтелеком» АҚ АЖІІШ жүйесін отандық шешімдерге, оның ішінде басқару пультіне көшіру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру.	ОРЫНДАЛДЫ Қазіргі уақытта жедел-ізвестіру және қарсы барлау іс-шараларының (бұдан әрі – ЖІШ/ҚБШ) орындалуын қамтамасыз ету мақсатында АЖІІШ саласындағы отандық шешімдерді жеткізуші болып табылатын «KazDream Technologies» ЖШС/«MSSP.GL» ЖШС-мен C&C08 үлгісіндегі «Қазақтелеком» АҚ коммутациялық жүйелері қызмет көрсететін абоненттерге қатысты ЖІШ/ҚБШ жүргізудің техникалық мүмкіндігін іске асыру үшін «толық аяқталған» монтаждау және іске қосу-баптау, сертификаттау жұмыстарын сүйемелдеу және тәжірибелік пайдалану жабдықтарын, бағдарламалық қамтылым және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы келісім жасалды. Сондай-ақ ағымдағы жылы «FWA 2021 технологиясы негізінде КЖҚ ұйымдастыру» 2022 жылғы КСБ жобасын іске асыру шеңберінде FWA қызметі бойынша абоненттердің ЖІШ/ҚБШ функционалын қамтамасыз ету үшін осы жеткізушіден АЖІІШ-ті басқару пультінің шешімдерін сатып алуды ұйымдастыру процесі басталды.
8.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	«Қазақтелеком» АҚ-ны демонополизациялау мәселесін оның пысықталуына қарай «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қоғамдық кеңесінің жеке отырысына шығару.	ОРЫНДАЛЫП жатыр Монополиясыздандыру жөніндегі комиссиядан ұсынымдар алу шамасына қарай мәселе «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің қарауына енгізілетін болады.
9.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және дауыс беретін	ОРЫНДАЛМАДЫ

	қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне сәйкес) конкурстық талаптармен танысу мерзімін 10 жұмыс күніне дейін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру.	Алдын ала талқылауды өткізу мерзімі «Қазақтелеком» АҚ-ның қолданыстағы Тәртібіне сәйкес 5 жұмыс күніне дейін жеткілікті және ұзартуды талап етпейді деп есептейді. Алдын ала қарауды 10 жұмыс күніне дейін ұлғайту жөніндегі норма тауарды пайдалануға беру мерзімін ұлғайтады, өйткені сатып алу рәсімін өткізу мерзімі, тауарды қоймаға ашық тендер тәсілімен жеткізуді ескере отырып, шартты орындау қазіргі уақытта екі айдан (60 күнтізбелік күн) асады.
10.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	200 млн теңгеден астам конкурстар үшін ескертулер мен ұсыныстарды міндетті түрде хаттамалай отырып, техникалық талаптарды жария талқылаулар өткізу мүмкіндігін қарастыру.	ОРЫНДАЛДЫ Сатып алуды жүзеге асырудың қолданыстағы тәртібінде техникалық талаптар ұсынылған тендерлік құжаттаманы алдын ала талқылау жөніндегі норма бар, бұл норма ашық тендер тәсілімен барлық сатып алуларға қолданылады. Бұл процесті Қоғамда бұрын сатып алынбаған тауарлар, ҚМЖ және жобалау жұмыстары үшін ғана қолдануға болады.
11.	2022 жылғы 17 маусымдағы № 7 қоғамдық бақылау. «Қазақтелеком» АҚ-ны тыңдау	2019 жылы бекітілген «Қазақтелеком» АҚ-ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы саясат», «Іскерлік этика кодексі», «Болжамды әдепсіз/заңсыз іс-әрекеттер туралы хабарлама саясаты» құжаттарын 2022 жылы алынған тәжірибе негізінде жаңарту.	ОРЫНДАЛЫП жатыр ДК-ның 2022 жылғы 22 сәуірдегі шешімімен (№ 5 хаттама) «Қазақтелеком» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына Басқарма төрағасының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары, оның ішінде өз қарамағындағылардың әрекетсіздігі үшін дербес жауапкершілігі бөлігінде толықтырулар енгізілді. Аудит комитетінің ұсынымдарына сәйкес «Қазақтелеком» АҚ-да болжамды этикалық емес/ заңсыз әрекеттер туралы хабарлама саясатына толықтырулар дайындалды. Толықтырулар Заң департаментімен келісіліп, Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы 27 маусымдағы «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау жөніндегі № 8 хаттамасы бойынша			
1.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	«Samruk-Kazyna Trust» сайтында өтінімді қараудың нақты регламенті, талаптары мен мерзімдері жариялансын.	ОРЫНДАЛДЫ Сайттың дизайны қақайта жаңартылды, өтінім беру және қарау кезеңдерін, қайырымдылық пен өтінім беру порталын көрсету және мониторингілеу қағидаларын түсіндіре отырып, «Өтінім беру» жеке қойындысы орналастырылды. Сайттың басты бетінде екі қазақ және орыс тілдерінде өтінім беру туралы бейне нұсқаулықтар орналастырылған. Сондай-ақ бейне нұсқаулықтар YouTube порталының @SamrukKazynaTrust арнасында орналастырылған, жалпы қаралымы 170-тен асады.
2.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	Жобадан шығу қалай жүзеге асырылатынына қарай жобаның аяқталу нысанын айқындау.	ОРЫНДАЛДЫ Жоба аяқталғаннан кейін қайырымдылықты көрсету және мониторингілеу қағидаларында орналастырылған Қайырымдылық көмек көрсетудің үлгілік шартына сәйкес пайдаланушы 1 ай ішінде өз қызметінің алынған нәтижелерін көрсете отырып, қайырымдылық жобаны іске асыру қорытындылары бойынша электрондық, баспа және/немесе корпоративтік БАҚ-та қайырымдылық көмекті пайдалану туралы жария есепті жариялауға міндеттенеді.
3.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	Жобаларды талдау үшін жыл соңында «Samruk-Kazyna Trust» есебін қайта қарау.	ОРЫНДАЛЫП жатыр Жыл қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңесте есепті кездесуді өткізу 2023 жылғы 31 қаңтардан кешіктірілмейтін мерзімде, жартыжылдық қорытындысы бойынша – 2023 жылғы 31 шілдеден кешіктірілмейтін мерзімде жоспарланған. Сондай-ақ 2023 жылғы 11 қаңтарда «Samruk-Kazyna Trust» Қоғамдық кеңес мүшелерін қоса алғанда, барлық мүдделі тұлғаларды шақыра отырып, 2022 жылғы қызмет қорытындылары туралы ашық есептік іс-шара өткізуді жоспарлап отыр
4.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік	«Samruk-Kazyna Trust» сайтында қаржыландыру сомалары бар барлық мақұлданған жобалар	ОРЫНДАЛДЫ Қамқоршылық кеңестің әрбір өткізілген отырысының қорытындысы бойынша Сайтта мақұлданған жобалар туралы ақпарат "жобалар" бөлімінде орналастырылады.

	жобаларды дамыту қорын тыңдау	орналастырылсын.	
5.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	Өңірлер мен ауыл бойынша «Samruk-Kazyna Trust» қайырымдылық жобалары бойынша географияны ұлғайту мүмкіндігі қарастырылсын.	ОРЫНДАЛЫП жатыр Жобаларды іске асыру географиясы белгілі бір аймақтан өтінім жіберген әлеуетті пайдаланушыларға тікелей байланысты. Бүгінгі таңда «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры өңірлер бойынша және ауылда жалпы сомасы 6,9 млрд. теңгеге 22 жобаны мақұлдады, оның ішінде: 1. «Аяла» ҚҚ/ Басқарылатын гипотермия – Жетісу, Маңғыстау, ШҚО, БҚО және Шымкент қаласы; 2. «Әлеуметтік жобалар қоры» КҚ / Медициналық пойыздар – ҚР-ның барлық облыстарының шалғайдағы станцияларының тұрғындары; 3. «Инклюзия Болашақ Атырау» ҚҚ / Зейін Атырау – Атырау қ.; 4. «Қамқорлық қоры» КҚ / Аутизмі бар және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған 8 орталық ашу - Жетісу, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар облыстары, Алматы, Шымкент қалалары; 5. «Қамқорлық қоры» КҚ / 13 ерте араласу орталығын ашу - 1. Жетісу облысы 2. Атырау облысы 3. Шығыс Қазақстан облысы 4. Жамбыл облысы 5. Батыс Қазақстан облысы 6. Қарағанды облысы 7. Қостанай облысы 8. Қызылорда облысы 9. Павлодар облысы 10. Солтүстік Қазақстан облысы 11. Түркістан облысы 12. Алматы қ. 13. Шымкент қ.; 6. «Жарылқау» ҚҚ / «Жаңаөзен қаласының жалпы білім беретін мектептерінің материалдық-техникалық базасын бекіту» - Жаңаөзен, Маңғыстау облысы; 7. «Iqanat білім беру қоры» қоғамдық қоры / «Iqanat -жарқын болашақ» - Жаңаөзен, Маңғыстау облысы; 8. «ӘӨКО» ЖМ / Мектепке жол - 1. Атырау облысы 2. Маңғыстау облысы 3. Қызылорда облысы 4. Түркістан облысы 5. Ақмола облысы 6. Батыс Қазақстан облысы 7. Шығыс Қазақстан облысы 8. Павлодар облысы 9. Ақтөбе облысы 10. Абай облысы;

		9. «Атырау облысы бойынша іскер әйелдер қауымдастығы» ҚБ / ӘРЕКЕТ – Атырау облысы; 10. «ЭКО Атамекен» қоғамдық бірлестігі / «Жалпы білім беретін мектептер ішіндегі санитарлық тораптарды ұйымдастыру» – Түркістан облысы Созақ ауданы Жартытөбе, Аққолтық, Бабата кенттері; 11. «Отырар-Әл Фараби жәрдем» қоғамдық қоры / «Ауданның шалғай елді мекендерінде тиімді медициналық көмек көрсету (2 жедел жәрдем сатып алу)» -Түркістан облысы Отырар ауданы Аққұм және Көксарай ауылдары; 12. Бастамашыл жобалар / «Жедел жәрдем» және «Шектеусіз қозғалыс» - Жетісу, Абай, Ұлытау облыстары, сондай-ақ Қостанай облысының Әулиекөл ауданы; 13. «Тең мүмкіндіктер әлемі» ҚҚ / Саламатты болашақ -Жамбыл, Түркістан, Батыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, Қарағанды, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстарында, Абай, Жетісу облыстарында, Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында секциялар ашу; 14. «Қазақстан волейбол жұбы федерациясы» РҚБ - Маңғыстау, Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстары, Шымкент қаласы; 15. «Samruk-Kazyna Trust» КҚ / Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы кентіндегі, Түркістан облысы Созақ ауданы Шаға кентіндегі балалар, жасөспірімдер мен жастарға арналған тарту орталықтары; 16. «Объектілер құрылысы жөніндегі компания» КҚ / Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Аманқарағай ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы; 17. «Жалғызбасты және қамқорлықсыз қалған қарттарды күту және асырау» ҚБ / «Белсенді ұзақ өмір сүру» қарттығы ауыртпалықсыз - Қарағанды облысы; 18. «Атырау. Маленькая страна» ҚБ / Шағын ел әлеуметтік ауылы – Атырау қ.; 19. «Объектілерді салу компаниясы» КҚ / Жаңаөзен қаласы мен Жетібай кентіндегі спорт алаңдарын салу;
--	--	--

			20. Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Үміт» мамандандырылған балалар үйі» КММ / «Балаларға күлкі сыйла!»; 21. «Отбасы» әлеуметтік-мәдени қоры» ҚҚ / «Tabysty otbasy» – Абай, Ұлытау, Жетісу облыстары; 22. «YouthArt» ҚҚ / «Ақтөбе қаласындағы С. Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы объектісін жобалау және ревитализациялау» 23. «Дамыған әлем» ҚҚ / Жамбыл облысы ауылдарының бір бөлігінің инфрақұрылымын кешенді дамыту - Жамбыл облысының 4 елді мекені.
6.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	Қанша адамға байланыс орталығын іске қосуға көмек берілгені туралы ақпарат берілсін.	ОРЫНДАЛДЫ 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша ҚР барлық өңірлерінен жеке және заңды тұлғалардан қабылданған және өңделген қоңыраулардың жалпы саны 720-дан астам өтінішті құрады.
7.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	«Samruk-Kazyna Trust» жұмысында цифрлық шешімдерді қолдану және өтінімдердің қайталануын болдырмау үшін барлық жобалар бойынша Цифрлық витрина жасау мүмкіндіктерін қарастыру.	ОРЫНДАЛЫП жатыр Бұл тармақ 4-тармақпен тығыз байланысты, оны орындау үшін «Samruk-Kazyna Trust» жобаларды мақұлдағаннан кейін Қамқоршылық кеңесте «Samruk-Kazyna Trust» сайтында барлық жобалардың тізімі бар ақпаратты орналастырады. Бұдан басқа «Samruk-Kazyna Trust» ресми сайтында 2018 жылдан бастап мақұлданған жобалар туралы ақпарат орналастырылып жатыр.
8.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	«Samruk-Kazyna Trust» жұмыс қағидаттары туралы декларация әзірленсін	ОРЫНДАЛДЫ Жұмыс қағидаттары, сондай-ақ қайырымдылықты жүзеге асырудың басым бағыттары «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2016 жылғы 28 қаңтардағы қайырымдылық саясатымен айқындалған. № 126 хаттама
9.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8	Ақшаның бір бөлігін халықаралық ұйымдар бөлген	ОРЫНДАЛЫП жатыр

	«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	жағдайда, халықаралық тәжірибеге сәйкес құрылымдау бойынша ұсыныстарды қарастыру ұсынылсын	2022 жылғы тамызда «Samruk-Kazyna Trust» Shell, Теңізшевройл және Газпромнефть сияқты халықаралық ірі компанияларға өзара ынтымақтастық жолдарын іздеу туралы хаттар жолдады (2022 жылғы 08 тамыздағы № 493). Бүгінгі күні хаттарға жауаптар алынған жоқ.
10.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	«Samruk-Kazyna Trust»-қа ерекше балаларға арналған жобаларды қарау ұсынылсын.	ОРЫНДАЛДЫ 2022 жылғы 8 желтоқсандағы жағдай бойынша 2022 жылғы бюджеттен жалпы сомасы 9,9 млрд теңгеге 42 жоба мақұлданды, оның ішінде жалпы сомасы 2,6 млрд теңгеге 10 жоба ерекшеліктері бар балаларға жағдай жасауға бағытталған.
11.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	«Samruk-Kazyna Trust»-қа әкімшілік қолдау көрсету және Қордан қаражат алуға қалай дұрыс өтінім беру үшін оқыту ұйымдастыру ұсынылсын.	ОРЫНДАЛДЫ 2022 жылдың маусым-желтоқсан айлары аралығында «Samruk-Kazyna Trust» қоры Атырау, Павлодар, Қызылорда, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Ақтау, Түркістан, Өскемен қалаларында жалпы саны 600-ден асатын 8 өңірде жалпы жұртшылықпен, ҰЕҰ өкілдерімен, журналистермен, қоғамдық пікір көшбасшыларымен, ЕТҰ-мен 78 кездесу өткізді. Сонымен қатар Қазақстанның 10-нан астам өңірінен «ӨРЕКЕТ» жобасы аясында қолданыстағы грант алушылармен онлайн-кездесулер өткізілді. Сайттың басты бетінде екі қазақ және орыс тілдерінде өтінім беру туралы бейне нұсқаулықтар орналастырылған. Сондай-ақ бейне нұсқаулықтар YouTube порталының @SamrukKazynaTrust арнасында орналастырылған, жалпы қаралымы 170-тен асады.
12.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	Қорлардан бенефициарлар қызметінің үздіксіздігі үшін жүйелі шаралар енгізілсін.	ОРЫНДАЛЫП жатыр (тұрақты негізде) Қайырымдылық көмек көрсетуге арналған әрбір келесі өтінімді қарау кезінде жобаның тұрақтылығы мен жүйелілігіне, іске асырудағы тәсілдерге, қаржыландыру аяқталғаннан кейін дербес қамтамасыз ету мүмкіндігіне елеулі көңіл бөлінеді. Жоба бойынша бар тәуекелдерге талдау жүргізіледі, өңірде ұсынылған жергілікті атқарушы органдармен, ЕТҰ-мен және басқа

			серіктестермен ынтымақтастық шеңберінде атқарылған жұмыс туралы есеп сұралады.
13.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	Портфельдік компаниялар филиалдары орналасқан жерлерде «Samruk-Kazyna Trust»-тың жұмысы күшейтілсін	ОРЫНДАЛДЫ 2022 жылғы бюджеттен 2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша ПК және ЕТҰ-ның сұрауы мен ұсынымдары бойынша келесі ПК және ЕТҰ-дан жалпы сомасы 2,6 млрд теңгеге 8 жоба мақұлданды және іске асырылуда: 1. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (оның ішінде «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ) 2. «Қазатомөнеркәсіп» АҚ 3. «ӨӨКО» ЖМ 2023 жылы қайырымдылық жобаларын таңдау кезінде елдегі жобалардың 30%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы жұмыс істейтін 70% өңірлерде жүзеге асырылады.
14.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	Ауылдық жерлердегі жобалардың пайызы елдегі жобаларға ұқсас бекітілсін.	ОРЫНДАЛДЫ «Samruk-Kazyna Trust» қаражаттың көп бөлігін еншілес кәсіпорындары көп жағдайда ауылдық жерлерде орналасқан Қор тобы бар өңірлердегі жобаларға бағыттайтын болады. 2022 жылғы бюджеттен жалпы сомасы 9,9 млрд теңгеге 42 жоба мақұлданды, оның ішінде бенефициарлардың жалпы саны 500 мыңнан асады: - 95 000 адам – ауылдық жерлерден; - 55 000 – балалар саны.
15.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	Қордың портфельдік компанияларымен синергияда өтінім беру процесін уақтылы түсіндіру үшін үкіметтік емес ұйымдардың бірыңғай базасы қалыптастырылсын.	ОРЫНДАЛДЫ ҰЕҰ базасы жергілікті атқарушы органдарда бар, өңірлерде түсіндіру жұмыстары кезінде туындаған мәселелерді жедел шешу үшін чаттар құрылды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті жанындағы ҰЕҰ-ның бірыңғай, үнемі жаңартылып отыратын базасы бар.
16.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды	Бірлесіп қаржыландыруды тиімді тарту моделі бойынша ұсыныстар берілсін.	ОРЫНДАЛДЫ Әлеуметтік жобаларды қаржыландырудың қосымша көздерін тарту қамтамасыз етілді (600 млн теңге). Сондай-ақ «13 ерте араласу орталығын құру» және «Аутизмі және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған 8

	дамыту қорын тыңдау		орталық құру» жобаларын іске асыру шеңберінде «Қамқорлық қоры» КҚ «Қазақстан Халқына» ҚҚ-мен жобаны жалпы бюджеттің 50/50 шығыстарының арақатынасында өзара іске асыру туралы меморандум жасалды.
17.	2022 жылғы 27 маусымдағы № 8 «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорын тыңдау	«Samruk-Kazyna Trust»-қа барлық қайырымдылық қорлар мен мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен Аутизм бойынша жобаларды жүйелі қолдайтын семинар кеңес (қыркүйек) ұйымдастыру ұсынылсын.	ОРЫНДАЛДЫ 2022 жылдың қараша айында қоғамдық кеңес мүшесі А.К.Қазыбаевтың қатысуымен Аутизм бойынша жобаларды жүйелі қолдау жөніндегі кеңесті ұйымдастыру мәселелері талқыланды. СҚТ 2023 жылғы 11 қаңтардағы есептік іс-шарада осы мәселеге арналған жеке сессия бөлуді ұсынды.

**№ 1 «Адалдық көрсеткішінің (NPS) төмендеуіне байланысты
байланыс сапасын арттыру бойынша жұмысты күшейту ұсынылады» ұсынымды орындау бойынша
мәртебе мен нәтижелер**

Қазіргі уақытта «Қазақтелеком» АҚ процестерді, оның ішінде сервистік бөлімшелерді цифрлық трансформациялауды жүргізеді, жаңа цифрлық арналарды дамытады, желіні жаңғыртуды жүргізеді.

Сервистік көрсеткіштерді – клиенттердің адалдық деңгейін (NPS), сервиске қанағаттанушылықты және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында сапа көрсеткіштері тұрақты негізде өлшенеді. NPS зерттеуі негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

NPS жақсарту және қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында келесі іс-шаралар өткізіледі:

Техникалық бөлім бойынша:

1. Қалалық желілерді мыс кабелінен оптикалық кабельге толық өткізу;
2. Ауылдық желілердің абоненттерін ескірген мыс желілерінен сымсыз кең жолақты қолжетімді желілерге ауыстыру;
3. Қалалық метро желілерін жаңғырту және кеңейту;
4. Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе қалаларында Р деңгейіндегі үш магистральдық маршрутизаторды IP/MPLS желісіне ауыстыру;
5. Арналарды 10G-дан 100Gинтерфейстеріне аудару облыс орталықтарының маршрутизаторларынан Р деңгейлі маршрутизаторларға дейін;
6. Megaline/iD-Net абоненттерінің ескірген авторизациялау жүйесін ауыстыру;
7. Біржолғы зақымдануға өтінімді жабу фактісі бойынша клиенттің сауалнамасын автоматтандыру тетігін енгізу;
8. Зақымдануды жою процесіне қатысушылардың жұмыс сапасын бағалау үшін «Интегралдық FRR» ҚТК-ны енгізу;

9. Абонентпен (монтерлермен) тікелей өзара іс-қимыл жасайтын жұмыскерлер үшін мотивациялық бағдарлама пысықталуда;
10. Монтерлердің біліктілігін арттыра отырып, әмбебап мамандарға ауысуы;
11. Абоненттік қолжетімділік желісіндегі зақымдануларды жою процесін жетілдіру (бірлік зақымдануларды жою үшін ҚДО-ның әмбебап мамандарының демалыс күндері жұмысқа шығуы ұйымдастырылды, жалпы тоқтап қалу уақытын азайту және клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру үшін қоғамның жауапкершілік аймағындағы зақымдануларды жою уақытын азайту мақсатында өтінімдерді пысықтау сапасына талдау жүргізіледі),
12. Байланысты ұйымдастыру схемаларын оңтайландыру;\
13. Ескірген жабдықты пайдаланудан шығару;
14. Проактивті режимде желілердің өткізу қабілетін кеңейту.

Клиенттік бөлім бойынша

1. Тұрақты негізде transactional Net Promoter Score (tNPS) көрсеткішін зерттеу. Абонентке әрбір қызмет көрсеткеннен кейін қызмет көрсету арналарында абоненттің тексерілген нөміріне абоненттің адалдық деңгейін бағалау үшін сауалнама жіберіледі.
2. Онлайн-арналардағы клиенттерге қызмет көрсету үлесінің артуы (өткен жылға қарағанда 58-66%):
 - «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасынан (ЖТМДБ) алынған жеке басын куәландыратын құжат негізінде жеке кабинет, мобильді қосымша арқылы абоненттерге цифрлық форматта қызмет көрсету мүмкіндіктерін кеңейту;
 - ЖТМДБ-мен интеграциялау аясында «e-Otinish» азаматтардың өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай онлайн-платформасы жүйесін енгізу. Осы сервис клиент үшін өтінішті өңдеу процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді, оның көмегімен Egov порталынан компанияның атына электрондық өтініш жіберуге, өз өтінішінің мәртебесі мен бағытын тексеруге, өтініш бойынша орындаушы туралы ақпаратты көруге, қарау нәтижелерімен алдын ала танысуға және SMS арқылы жауап алуға, сондай-ақ қажет болған жағдайда өз өтінішіңізді кері қайтарып алуға мүмкіндік бар;
 - клиенттердің цифрлық арналарға ағынын және қызмет көрсетудің офлайн форматқа ауысуын ескере отырып, мынадай Self сервистер іске асырылды: қызметтерге ақы төлеу, шоттар бойынша нақтылау, қосылған қызметтер бойынша ақпарат, қызметтер бойынша трафикті нақтылау, VAS-ты қосу (оның ішінде TV+), өтініш беру мүмкіндігі, жиі қойылатын сұрақтарға жауап алу, онбординг, e-SIM-ге ауыстыру; booster-ге қосылу, монтердің шығуы туралы хабарлауды ескере отырып Telecom.kz мобильді қосымшаның мүмкіндіктерін кеңейту және функционалдығын қосу. Жыл соңына дейін мынадай функцияларды іске асыру жоспарлануда: MNP, қызмет көрсету сапасына өтініш беру,

авто төлем, қызметтер пакетін ауыстыру, қызметтерді жаңа мекенжайға көшіру, қызметтерді қайта ресімдеу, берешекті кезең-кезеңімен өтеуге шарт жасасу, LTE/FWA қосу, келісімшарттарды ұзарту;

- WhatsApp, Telegram онлайн-арнасының жұмысын жақсарту, 24/7/365 тәулік бойы қызмет көрсету режиміне ауыстыру, сұрауға жауап беру уақыты, сұрауды шешу жылдамдығы, қызмет көрсетілген диалогтардың пайызы сияқты SLA қызметтерін көрсету көрсеткішін жақсарту. Сұраулардың бір бөлігі өзіне-өзі қызмет көрсету деңгейіне ауыстырылды – чат-бот дербес шоттың ағымдағы балансы және қызметтерге ақы төлеу тәсілдері, SIM карталарды (imei) тіркеу тәртібі, роуминг бойынша кеңес беру, ТВ+ қызметтерін қосу, берешек бойынша, Wi-Fi маршрутизаторлары бойынша ұсыныстар, shop.telecom.kz қызметтері сияқты сұрау салуларды өңдейді;

- цифрлық қызмет көрсету арналары (мобильді қосымша, жеке кабинет) арқылы келіп түсетін өтініштерді қарау бойынша жұмыскерлерді 23 сағатқа дейін ауысымдық қызмет көрсету режиміне ауыстыру.;

- QR ЭЦҚ көмегімен өтініштерге жауаптарға қол қою бөлігінде абоненттердің жазбаша өтініштеріне жауаптар беру процесін оңтайландыру, бұл өтініштерге жауаптарды күту уақытын азайтуға мүмкіндік берді;

- 2022 жылы шағым арыздарды 26%-ға, анықтамалық консультациялық өтініштерді 29%-ға төмендету;

- тексеру іске асырылды - клиенттерге қызмет көрсету уақытын едәуір төмендетуге мүмкіндік беретін куәландырушы құжаттарды және бет-әлпетті тану жүйесі. Функционал «eGovmobile» мобильді қосымшасы арқылы E-gov цифрлық құжаттары сервисіне қол жеткізе алатын клиенттер үшін қолжетімді.

3. Жаңа және жұмыс істеп тұрған қызметкерлерді оқытуда жаңа тәсіл енгізілді. Жаңа қызметкерлер үшін жаңа жұмыс орнында сапалы және қысқа мерзімде ыңғайлы болуға және кәсіби міндеттерді орындауға кірісуге мүмкіндік беретін Бейімдеу бағдарламасы әзірленді. Алған білімдерін бекіту үшін тәлімгерлік институты құрылды. Оқу бағдарламаларына үнемі аудит жүргізіледі, бағдарламалар қажеттіліктерді ескере отырып өзектендірілді және жаңартылды, «Коучингтік басқару стилі», «Эмоционалды экология» сияқты жаңа бағдарламалар енгізіледі.

4. Сервистік бөлімшелер мамандарын ынталандыру жүйесі қайта қаралды. AR (Agent Performance) қызмет көрсету сапасын клиенттік бағалау - операторлардың мотивациясы мен сыйақысына тікелей әсер етеді. Биыл мамандардың жұмысын бағалау үшін сапалық көрсеткіштердің шекті мәндері – білім деңгейі, аудит сервисінің көрсеткіштері көтерілді.

5. Сервистік бөлімшелер үшін сапалы клиенттік сервис үшін қызметкерлерді ынталандыруға бағытталған «The best Customer Service» мотивациялық конкурсы өткізіледі. Қызметкерлер мынадай көрсеткіштер бойынша бағаланады: сервис сапасының индексі; білім деңгейі; Agent Performance (AR) клиенттің бағалауы, First Request Resolution (FRR - абоненттің мәселесін бірінші қарым-қатынастан шешу) көрсеткіші. Қызметкерлер тоқсан сайын - Сапа бойынша үздік маман, Сапа бойынша үздік капитан командасы, Сапа бойынша үздік басшы номинациялары бойынша марапатталады.

6. Тұрақты негізде сервистік бөлімшелер жұмыскерлерінің сапалық көрсеткіштерін өлшеу, олардың орындалуына аудио және бейне мониторинг, қызметкерлердің білім сапасын бақылау, басшылар мен бизнес-жаттықтырушылардың қайталанатын қателіктері мен бұзушылықтарын талдау жүргізіледі.

7. Байланыс орталықтары үшін SLA- жауап беру уақыты, жоғалған қоңыраулардың пайызы, қызмет көрсету сапасының индексі, клиентті желіде ұстау уақыты қатаңдатылды, бір өтініште клиенттің мәселесін шешу (FCR) сияқты көрсеткіш өлшенеді.

8. Телекоммуникация қызметтерін қосуды күту мерзімін қысқарту 101 сағат – 32 сағат.

9. Техникалық мүмкіндік бойынша көрсеткіштерді жақсарту үшін:

- техникалық мүмкіндікті анықтау уақытын қысқарту, тапсырыстардың кезеңдер бойынша өтуін автоматтандыру есебінен қосылудың техникалық мүмкіндігін анықтаудың орташа уақыты қысқартылды;

- тапсырыстарды автоматты түрде өту үлесі 80%-ға дейін ұлғайтылды;

- оң пысықталған тапсырыстардың үлесі 85%-ға дейін ұлғайтылды, тапсырыстарды пысықтау уақыты қысқартылды;

- B2C инсталляторларының AP көрсеткіші аясында ай сайын детракторлар үлесінің туындау себептері бойынша жұмыстар жүргізіледі;

- егер абонент қызметтерді орнатқаннан кейін пәтер/Үй бойынша Wi-Fi сигналының азайғанына наразылығын білдірсе, онда «Нұрсат+» жобасы бойынша орнатушы абонентке абоненттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал ететін және Wi-Fi сигналын 500 мбит/сек дейін арттыратын сигналды күшейту үшін жергілікті жерде маршрутизатор сатып алуды ұсынады.

10. Процестерді жақсарту мақсатында шілде айынан бастап компанияда Гэмба – компаниясының топ-менеджментінің барлық сервистік бөлімшелеріне баруы өткізілді.

11. Телекоммуникация қызметтеріне сұранысты қанағаттандыру мақсатында FWA жобасы іске қосылды, ол қысқа мерзімде абоненттерге қымбат байланыс желілерін салусыз қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

12. Тұрғын үй кешендерінде қызметтерді бірлесіп қосу бойынша әріптестік ынтымақтастық жүйесі дамуда.

13. Абоненттердің өтініштеріне ыңғайлы және тез ден қою үшін 2022 жылдың соңына дейін «165» техникалық қолдаудың бірінші желісін және «160» байланыс орталығын бірыңғай байланыс орталығына біріктіру жоспарлануда.

Нәтижесінде жыл басынан бері абоненттердің адалдық деңгейі көрсеткішінің оң динамикасы байқалады, tNPS көрсеткіші 38%-дан 55%-ға дейін (KPI кезінде – 40%) өсті.

Анықтама

1. 2021 жылғы 28 шілдедегі «Қазақтелеком» АҚ мен «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС арасында жасалған шарттың (бұдан әрі – Шарт) талаптарына сәйкес жүргізілген тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша «Кселл» АҚ акционерлік капиталының нарықтық құнын айқындау (оның ішінде «Кселл» АҚ акцияларының 24%-ы) КПМГ Бағалау туралы есеп жасалды, оған **«Қазақтелеком» АҚ есепке Құпия мәртебесін берді.** «Қазақтелеком» АҚ коммерциялық құпия туралы ережеге сәйкес М&А іске асырылған және іске асырылатын мәмілелер, олардың құрамдас бөліктері мен барлық байланысты құжаттаманы қоса алғанда, еншілес және тәуелді ұйымдарды қайта құрылымдау, қайта ұйымдастыру туралы ақпарат құпия болып табылады.

Өйткені бұл **Құпия** мәртебесі бар есеп «Қазақтелеком» АҚ мыналарға сілтеме жасайды:

1.1. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы, акционер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпия болып табылатын қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге міндетті.

1.2. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратты беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге тыйым салынатын бағалы қағаздар нарығы туралы заң.

2. Шарттың 9.2-тармағына сәйкес (төменде көрсетілген) «Қазақтелеком» АҚ есепті «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-ның жазбаша келісімінсіз бере алмайды.

9. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

9.1. Қызмет көрсету процесінде Орындаушыға Тапсырыс берушіден Шарттың болу фактісін және Шартқа қатысты Тараптар арасындағы кез келген байланыстарды қоса алғанда, құпия ретінде қаралуы тиіс құжаттар, материалдар және басқа да ақпарат ұсынылатын болады және Орындаушы мұндай ақпарат заң талаптарына сәйкес ашылуға тиіс жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімін алмай осындай Құпия ақпаратты немесе оның кез келген бөлігін ашуға, жариялауға, жария етуге немесе үшінші тараптарға өзгеше түрде ұсынбауы тиіс.

9.2. Қызметті орындау барысында Орындаушы алған немесе әзірлеген барлық құжаттар мен ақпарат, материалдар, есептер мен өнімдер (бұдан әрі — «Қызметтер нәтижесі») **Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады және Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз**, Орындаушы Қызмет көрсету процесінде пайдаланатын зияткерлік меншік объектілерін қоспағанда, ол процестің өзінде құрған ретінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, **қандай да бір үшінші тарапқа ашуға немесе беруге болмайды. Тапсырыс берушінің жауапкершілікті шектеу туралы барлық хаттар Тапсырыс берушімен және үшінші тұлғалармен келісілгеннен кейін жауапкершіліктен босату шартымен Орындаушының жазбаша келісімінсіз Қызметтер нәтижесін үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.** Орындаушы қызмет көрсету нәтижесіне авторлық құқықтарды және барлық басқа зияткерлік меншік құқықтарын, сондай-ақ Орындаушының жұмыс материалдарына меншік құқығын сақтайды.

«Қазақтелеком» АҚ-ның 2022 жылғы 17 маусымдағы № 4
ұсынымына «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2022 жылғы
1-жартыжылдықтағы ұсынымдарын орындау жөніндегі жиынтық
кестеге № 3 қосымша

**«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ
ЖӘНЕ ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО
РЫНКА»**

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

2022 жылғы 18 ақпандағы № 04-1-19/22/ЮЛ-Т-1876

Qazaq Association of Minority Shareholders

Нұр-Сұлтан қаласы, Сығанақ көшесі, 70
тел.: +7 (717) 264-40-00

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және даму агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) «Qazaq Association of Minority Shareholders» (бұдан әрі – Ұйым) 2021 жылғы 23 желтоқсандағы айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәмілелерге қатысты № 26-12/21 хатын қарап, мынаны хабарлайды.

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 13) тармақшасына сәйкес бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және өзге де

қаржы құралдарының қызметін мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті орган бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының бағаларын (бағамдарын) айла-шарғы жасауға бақылауды, оның ішінде туынды бағалы қағаздар мен шетелдік валюталар, бағалы қағаздар нарығында қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын инсайдерлік ақпаратты немесе ақпаратты пайдалана отырып мәмілелер жасасу арқылы жүзеге асырылады.

2021 жылғы 01 маусымнан бастап 2021 жылғы 01 қазанға дейінгі кезеңде «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – KASE) «Кселл» АҚ (бұдан әрі – Кселл) акцияларының нарықтық бағасының акция үшін 2 515 теңгеден 1 181 теңгеге дейін, яғни 53%-ға біртіндеп төмендеуі байқалды.

Осыған байланысты Агенттік жоғарыда көрсетілген кезеңде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілелерге талдау жасады.

Осы талдау шеңберінде Агенттік 2021 жылғы шілде мен желтоқсан аралығында KASE өкілдерінің қатысуымен бірнеше жұмыс кеңестерін өткізді, «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ға сұрау салулар жолдады, сондай-ақ Агенттік бөлімшелерінің қатысуымен өзге де қадағалау іс-шаралары жүргізілді.

Қаралып отырған кезеңде KASE-мен бірлесіп жүргізілген талдау қорытындылары бойынша 11 заңды және 2 жеке тұлғаның 200-ден астам мәмілелері анықталды, олар бойынша Сараптама комитеті² осы мәмілелерді бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану үшін қажетті және жеткілікті негіздер бар екендігі туралы пікір білдірді.

Сараптама комитетінің 2022 жылғы 21 қаңтардағы қорытындысы негізінде Агенттік төрағасы орынбасарының 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 43 бұйрығымен жоғарыда көрсетілген мәмілелер бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәмілелер ретінде танылды.

² Сараптама комитеті құрамында кемінде сегіз мүшесі бар уәкілетті орган жанынан құрылады, оның ішінде: уәкілетті органның кемінде бес өкілі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кемінде бір өкілі, қор биржасының кемінде бір өкілі, кемінде бір тәуелсіз сарапшы

Қазіргі уақытта мәмілелері айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған тұлғаларға қатысты ӨҚБтК-ның³ 259-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасалды, олар ұсынылған өтініштерге сәйкес Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жіберілді.

Төрағаның орынбасары

М. Хаджиева

³ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі

2022 жылғы 1-жартыжылдықтағы «Самұрық-Қазына» АҚ
Қоғамдық кеңесінің ұсынымдарын орындау бойынша жиынтық
кестеге 2022 жылғы 17 маусымдағы «Қазақтелеком» АҚ-ны
тыңдау бойынша № 5 ұсынымға № 4 қосымша

«Сиско Системз Незерлендз Холдингз Б.В.»
Қазақстан Республикасындағы Жеке компаниясының шектеулі серіктестік филиалы
Алматы қаласы, Қонаев көшесі 77-үй
«Park View» бизнес орталығы, 9-қабат
Тел.: + 7 7273 212 600
www.cisco.com

«Желі» дивизион» бірлестігі
«Қазақтелеком» АҚ филиалының
«АБ» БПД Жобалық офисінің директоры
Д.Қ. Мұқымбековке

2022 жылғы 31 наурыздағы № 7948 хатқа

Құрметті Диас Қабдуллаұлы!

Жауапты дайындау үшін Cisco International Limited («Cisco») компания-өндірушіден ақпаратты сұраттық, себебі Қазақстан Республикасындағы «Сиско Системз Незерлендз Холдингз Б.В.» жеке компаниясының жауапкершілігі серіктестік филиалы Қазақстан Республикасының аумағында коммерциялық қызметті жүзеге асырмайды.

Сіздің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 3-1-2-13/5596 хатыңызға жауап ретінде Cisco-дан алынған ақпаратқа сәйкес Cisco өнімдері мен шешімдерін сату авторизациядан өткен серіктес коммерциялық ұсынымды ұсынғаннан дистрибьюторлық-серіктестің желісі арқылы дистрибьютордан Cisco жабдықтарын сатыл алады және оны түпкілікті сатып алушыға сату арқылы жүргізілетінін хабарлаймыз.

Cisco-ның авторизациядан өткен серіктесі дайындықтан өтіп Cisco-ның өнімдер мен қызметтерін одан әрі сату және тапсырыс берушілерге қосымша артықшылықтарды ұсыну үшін сертификаттау мен мамандандыруға ие болады. Аталған талаптар Cisco-ның авторизациядан өткен серіктесінде тапсырыс берушілерге сатылым алдында және сатылымнан кейін қажетті дағдылар мен тәжірибенің болын қамтамасыз етеді.

Cisco Қазақстан Республикасында өзінің өнімдері мен қызметтерін тек қана Қазақстан Республикасының аумағында өнімдер мен қызметтерді сатып алуға және қайта сатуға рұқсат етілетін серіктестер арқылы сатады. Cisco өзінің өнімдері мен қызметтерін сатып алуды жоспарлап отырған авторизациядан өткен Cisco серіктесінде оларды Қазақстан Республикасының аумағында қайта сатудың рұқсат етілгеніне көз жеткізуді ұсынады. Аталған компанияның Қазақстан Республикасында Cisco-ның авторизациядан өткен серіктесі екендігін <http://tools.cisco.com/WWChannels/LOCATR/openBasicSearch/do/> сайтынан тексеруге болады.